



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ
БИБЛИОТЕКА ЦЕНТРА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА
LIBRARY OF THE CENTER OF EXCELLENCE



Педагогикалық шеберлік орталығы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Кембридж Университетінің Білім беру
факультетімен бірлесіп әзірлеген
Қазақстан Республикасы педагог кадрларының
біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасын іске
асыруға арналған тәжірибелік нұсқаулық

Практическое руководство для реализации
уровневых программ повышения квалификации
педагогических кадров Республики Казахстан,
разработанных Центром педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
совместно с Факультетом образования
Кембриджского Университета

Practical guidance for implementing levelled
in-service training Programmes for the
pedagogic staff of the Republic of Kazakhstan
developed by the Center of Excellence
AEO "Nazarbayev Intellectual Schools"
jointly with the Faculty of Education
of the University of Cambridge

ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУ: талап, түйсіну, рефлексия

**СРЕДНЕСРОЧНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ:
вызов, осмысление, рефлексия**

**MEDIUM-TERM PLANNING:
challenge, comprehension,
reflection**



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ
БИБЛИОТЕКА ЦЕНТРА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА
LIBRARY OF THE CENTER OF EXCELLENCE



Педагогикалық шеберлік орталығы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Кембридж Университетінің Білім беру
факультетімен бірлесіп әзірлеген
Қазақстан Республикасы педагог кадрларының
біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасын іске
асыруға арналған тәжірибелік нұсқаулық

Практическое руководство для реализации
уровневых программ повышения квалификации
педагогических кадров Республики Казахстан,
разработанных Центром педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
совместно с Факультетом образования
Кембриджского Университета

Practical guidance for implementing levelled
in-service training Programmes for the
pedagogic staff of the Republic of Kazakhstan
developed by the Center of Excellence
AEO "Nazarbayev Intellectual Schools"
jointly with the Faculty of Education
of the University of Cambridge

ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУ: талап, түйсіну, рефлексия

**СРЕДНЕСРОЧНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ:
вызов, осмысление, рефлексия**

**MEDIUM-TERM PLANNING:
challenge, comprehension,
reflection**



УДК 337.321
ББК 74.26
О 46

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі ұсынған
Рекомендовано Методическим советом Центра педагогического мастерства
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

О 46 Орта мерзімді жоспарлау: талап, түйсіну, рефлексия / Б.А. Балғынбаеваның редакциясымен. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. – 70 б.

Среднесрочное планирование: вызов, осмысление, рефлексия / Под редакцией Балгинбаевой Б.А. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2014. – 70 с.

Бұл жинаққа енгізілген оқу әдістемелік материалдар жалпы білім беру мекемелерінің мұғалімдеріне және әдіскерлеріне Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарлама идеяларын жүзеге асыруда маңызды болып табылатын орта және қысқа мерзімді жоспар құруға, негізгі идеяларды сабақта неліктен және қалай кіріктіруге болатынын терең түсінуге ықпал етеді.

Жинаққа Қазақстан Республикасының педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстары тренерлерінің және аталмыш курстан өткен мұғалімдердің жоспарлау бойынша ортақ тәжірибесі енгізілген.

В сборнике аккумулирован опыт среднесрочного планирования тренеров и учителей, прошедших обучение по уровневым программам повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанным Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета.

Данный сборник адресован учителям общеобразовательных учреждений и методистам с целью глубокого понимания особенностей составления среднесрочного и краткосрочного планов, развития идей уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан.

УДК 337.321
ББК 74.26

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014
© АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
Центр педагогического мастерства, 2014



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	11
Абдраманова К.С. 9 сыныптарда ағылшын тілі пәнінен «Geography and travelling/ география және саяхат» тарауы бойынша тізбектелген төрт сабақтың орта мерзімді жоспары.....	12
Айдосова Т.К. Оқушыға бағытталған оқыту мен оқу ортасын жоспарлау	17
Кадирова А.Ш. 4-сыныпта әдебиеттік оқу пәні, «кәусар бұлақ» (ертегілер) тарауы бойынша құрылған орта мерзімді жоспарға рефлексиялық жазба	35
Селезнева Г.Ю. Среднесрочное планирование: вызов, осмысление, рефлексия	41
Сыздықбаева Р.Г., Ербакиева М.М. Химия пәні бойынша тізбектелген сабақтар топтамасы	46
Токтаганова А.С. Орта мерзімді жоспарлау: мақсат қою	55
Пайдаланылған әдебиеттер	69





АБДРАМАНОВА ҚЫЗЖІБЕК САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ

1998 жылы Қызылорда мемлекеттік университетінің француз, ағылшын тілінің мұғалімі, аудармашы мамандықтары бойынша филология факультетін бітірген, I санатты.

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үшінші (базалық), екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгей бағдарламалары бойынша сертификатталған тренер.

2013 жылдан бастап Қызылорда қаласы Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының менеджері қызметін атқарады.

2014 жылы Кембридж қаласында «Іс-әрекеттегі зерттеу» тақырыбында семинарға қатысты.

Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, NATEK (ағылшын тілі мұғалімдерінің ұлттық ассоциациясы) мақтау қағазымен марапатталған.

АБДРАМАНОВА ҚЫЗЖИБЕК САТЫБАЛДИЕВНА

В 1998 году окончила филологический факультет Кызылординского государственного университета по специальности «учитель французского и английского языков, переводчик». Имеет первую квалификационную категорию.

Является сертифицированным тренером уровней программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета по третьему (базовому), второму (основному) и первому (продвинутому) уровням.

С 2013 года работает менеджером филиала Центра педагогического мастерства в г. Кызылорда.

Награждена Почетной грамотой Управления образования Кызылординской области, грамотой NATEK (Национальная ассоциация учителей английского языка).



АЙДОСОВА ТОЛҚЫН ҚАЙЫРБЕКҚЫЗЫ

1999 жылы С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін «математика және информатика» мамандығы бойынша аяқтады.

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үшінші (базалық), екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгей бағдарламалары және Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курстарынан өтті.

2013 жылдан бастап Астана қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері қызметін атқарады.

Үшінші (базалық), екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгей бойынша сертифицирталған тренер.

АЙДОСОВА ТОЛҚЫН КАЙЫРБЕКОВНА

В 1999 году окончила Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова по специальности «учитель математики и информатики».

Прошла курсы обучения тренеров в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан по третьему (базовому), второму (основному), первому (продвинутому) уровням и по Программе повышения квалификации руководителей общеобразовательных организации Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета.

С 2013 года является старшим менеджером Центра педагогического мастерства. Сертифицированный тренер уровневых программ по третьему (базовому), второму (основному), первому (продвинутому) уровням.



ЕРБАКИЕВА МАРЬЯНА МАШЫРЫКОВНА

1993 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетін «Химик, оқытушы» мамандығы бойынша аяқтады.

Шымкент қаласындағы №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп-лицейінің жоғары санатты химия пәнінің мұғалімі. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің жаратылыстану-педагогикалық факультетінің «Химияны оқытудың теориясы мен әдістемісі» кафедрасының оқытушы.

Қазақстан Республикасы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламасы аясында екінші (негізгі) деңгей бойынша оқыту курстарынан өтті.

ЕРБАКИЕВА МАРЬЯНА МАШЫРЫКОВНА

В 1993 году окончила химический факультет Казахского национального университета имени аль-Фараби по специальности «Химик, преподаватель». Имеет высшую квалификационную категорию.

Прошла курсы обучения тренеров в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета, по второму (основному) уровню.

Является учителем школы-лицея №7 имени К.Спатаева г. Шымкента, преподавателем кафедры «Теория и методика преподавания химии» естественно-педагогического факультета Южно-Казахстанского государственного университета имени М. Ауезова.



КАДИРОВА АЙГУЛЬ ШУЛЕНБАЙҚЫЗЫ

Өскемен педагогикалық училищесінің «Бастауыш сынып мұғалімі», Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің филология факультетін «Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтаған.

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы №1 орта мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Сертификатталған І деңгейлі бастауыш сынып мұғалімі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

КАДИРОВА АЙГУЛЬ ШУЛЕНБАЙҚЫЗЫ

Окончила Усть-Каменогорское педагогическое училище по специальности «Учитель начальных классов», Восточно-Казахстанский педагогический университет по специальности «Учитель казахского языка и литературы».

Прошла курсы обучения в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета, по первому (продвинутому) уровню.

Является заместителем директора по учебной работе средней школы №1 г. Усть-Каменогорск.

Награждена Почетной грамотой Министерства образования и науки Республики Казахстан.



СЕЛЕЗНЕВА ГАЛИНА ЮРЬЕВНА

Селезнева Галина Семей педагогикалық институтын аяқтаған. Еңбек жолын № 40 орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде бастаған.

Қазіргі кезде Семей қаласының №6 мектеп-гимназиясында мұғалімдік қызметті директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымымен қатар атқарады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» халықаралық білім бағдарламасына қатысқан. 10 жыл көлемінде инновациялық технологияларды енгізу тәжірибесін тарата отырып, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» атты өңірлік мұғалімдер шығармашылық тобының жетекшісі болды.

СЕЛЕЗНЕВА ГАЛИНА ЮРЬЕВНА

В 1978 году окончила Семипалатинский педагогический институт. Трудовую деятельность начала в качестве учителя русского языка и литературы.

С 1995 года по настоящее время работает в гимназии №6 г. Семей заместителем директора по научно-методической работе. В 1997 году стала участником международной образовательной программы «Развитие критического мышления через чтение и письмо», получила сертификат «Тренер RWCT», в 2000 году – «Тренер-Сертификатор RWCT». В течение 10 лет являлась руководителем региональной творческой группы учителей «Развитие критического мышления», распространяя опыт внедрения инновационной технологии.

Прошла курсы обучения в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета, по первому (продвинутому) уровню.



СЫЗДЫКБАЕВА РОЗА ГАЙДАРОВНА

1991 жылы Шымкент педагогикалық институтының химия-биология факультетін бітірген.

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үшінші (базалық), екінші (негізгі) және бірінші (ілгері) деңгей бағдарламалары бойынша сертификатталған тренер.

2013 жылдан бастап Шымкент қаласының Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының аға менеджері ретінде қызмет атқарады.

СЫЗДЫКБАЕВА РОЗА ГАЙДАРОВНА

В 1991 году окончила химико-биологический факультет Шымкентского педагогического института.

Является сертифицированным тренером уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета, по третьему (базовому), второму (основному) и первому (продвинутому) уровням.

С 2013 года является старшим менеджером филиала Центра педагогического мастерства в г. Шымкент.



ТОҚТАҒАНОВА АҚБОТА САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ

1996 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Орта мектеп мұғалімі, білім жетілдіру институтында оқытушы, білім басқармасында бас маман болып қызмет атқарды.

Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курстарынан өтті.

2013 жылдан бастап Тараз қаласының Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының аға менеджері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының Құрмет грамотасымен марапатталды.

ТОҚТАҒАНОВА АҚБОТА САҒЫНДЫҚОВНА

В 1996 году окончила филологический факультет Кокшетауского педагогического института имени Ч.Валиханова. Работала учителем средней школы, преподавателем Института повышения квалификации г. Кокшетау и специалистом Управления образования Акмолинской области.

Прошла курсы обучения тренеров в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан, разработанных Центром педагогического мастерства совместно с Факультетом образования Кембриджского университета, по первому (продвинутому) уровню.

С 2013 является старшим менеджером филиала Центра педагогического мастерства в г. Тараз.

Награждена Почетной грамотой Национального центра тестирования Министерства образования и науки Республики Казахстан.

КІРІСПЕ

Қазақстандық білім беру жүйесінде соңғы жылдары елеулі өзгерістер Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру деңгейлі бағдарламасының енуімен байланысты жүріп жатқаны аян. Бағдарлама аясында мұғалімдердің кәсіби біліктіліктерін арттыруда, мұғалім өзінің сынып және мектеп тәжірибесіне өзгеріс енгізеді, ал ол өзгерістерді енгізу ықпалынан оқушының оқуы жақсарады деп күтілуде: *оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп*, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасады (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, III деңгей).

Осы нәтижелерге жетуде мұғалім Бағдарламаның негізі болып табылатын 7 модуль бойынша білімін сынып тәжірибесіне енгізеді. Өзгеріс енгізуде тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлап, соның негізінде бір сабақтың қысқа мерзімді жоспарын құрады. Жоспарлау кезінде мұғалім оқу мақсатын айқындауда оқушылар *«Нені үйренеді?»*, *«Нені біледі?»* деген сұрақтарға жауап беретін болса, ал айқындалған оқу мақсатына жету үшін *«Неліктен дәл осы оқыту әдісін таңдадым?»*, *«Оны қалай жүзеге асырамын?»*, *«Оқушылардың оқу мақсатына жеткенін қалай білемін?»* деген сауалдарға терең ойланады.

Бұл жинаққа енген жұмыстар мұғалімдердің осы сұрақтар бойынша ойлануына көмектеседі деп үміттенеміз. Жинаққа енген жұмыстарды мұғалімдер оқыту мен оқу ортасын жоспарлауға арналған үлгі ретінде емес, ойлануға түрткі ретінде қаралғаны абзал.

**9 СЫНЫПТАРДА АҒЫЛШЫН ТІЛ ПӘНІНЕН «GEOGRAPHY AND TRAVELLING/
ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ САЯХАТ» ТАРАУЫ БОЙЫНША ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР
ТОПТАМАСЫ**

The theme	Objectives	Strategies	Barriers in learning English	Outcome	Formative assessment	Inclusion of all students	Resources
1.England	Students will learn 4 facts about England (develop their reading skills)	1. Brainstorming – associations about England (what they know in general about Eng) 2. Jigsaw reading-discussion . Group work 3. Filling in info-chart (1. Geography of England, 2. Transport, 3. Population of Eng, 4. Big cities) by asking each other the missing info. 4. Peer – assessment with comments, some works should be read out 5. Feedback from particular students (who has less inf. In the sheet)	Vocabulary work To work on key words	Students will be able to name 4 main facts about England. Students will be able to find information about England by themselves	1. Giving stars. 2. Comments and peer-assessment 3. Feedback	Gifted and Talented – presents PPP about fauna and flora of England in addition. Low Ability – works on the text with missing words, answer specific questions	Book, map, internet, PPP, Sheets.

<p>2. London</p>	<p>Students will learn to get information about sights of London (develop their listening skills)</p>	<p>1. “Question and Answer” activity 2. Working on video material. (preview activity Brainstorming, viewing—writing the names of the sightseeing) 3. Post viewing activity. Group A works with a video without sound, they make an advertisement for a tourist company, Group B (HA)— role play (tourists and a guide), Group C (LA)— make a poster about sightseeing of London</p>	<p>Give the Students with low listening ability tape script—and ask them to make up some questions</p>	<p>Students will be able to identify the sightseeing of London; to answer and ask questions about 4 different sights of London, to describe them</p>	<p>1 -Praises, 2 stars 1 wish for the advertisement, poster, role-playing Criteria: 1. At least 3-4 sightseeing of London, 2. Clear deliverance of the material</p>	<p>GT – will give detailed information about Buckingham-Palace, LA – to find out the sequence of sightseeing while listening and write some notes about them</p>	<p>Poster, markers, papers with questions for the first group, active board, internet</p>
<p>3. W.Shakespeare</p>	<p>Students will learn to give information about W. Shakespeare (develop their speaking skills)</p>	<p>1. Brainstorming. (Q&A strategy) 2. Group work: exploratory talk Group A –will find info and prepare PPP about William’s biography. Group B – will do a role play (from any W.Shakespeare) and give info about his plays, poetry Group C –will find interesting facts about the hometown of W.Shakespeare</p>	<p>To work on pronunciation Vocabulary building</p>	<p>Students will be able to give information about the biography, to name his plays, to describe his hometown</p>		<p>GT – will recite W.Shakespeare 1-2 poems by heart LA – will be able to retell his biography</p>	<p>Active board, internet</p>



<p>4. Letter to a pen-friend</p>	<p>Students will learn to compose a story, (develop their writing skills)</p>	<p>Strategy: “Letter to my friend” «What I know About Great Britain?»</p>	<p>Work on mistakes</p>	<p>Students will be able to write a letter based on criteria and to improve their work,(based on comments)</p>	<p>Self-assessment and peer assessment on success criteria (by the end of the lesson), teacher’s comments will take place on the following lesson, to elicit any 3 letters and write 2 comments for those letters (good point and suggestion for improvement)</p>	<p>GT – to write an essay and send it to his/her classmates’ e-mails LA – 5 lines poem for any sight</p>	<p>A4, Active Board, PC, internet</p>
---	---	--	-------------------------	--	---	--	---------------------------------------

Тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспары жалпы орта мектептің 9 сынып оқушыларына ағылшын тілі пәні бойынша жасалды. «Geography and travelling» тақырыбы бойынша оқушылардан күтілетін нәтиже: Ұлыбритания жайлы ақпарат бере алуы, Лондон қаласының көрнекті жерлерін сипаттай алу, У.Шекспирдің өмірбаяны мен шығармаларын атай алу деп белгіленді. Орта мерзімді жоспарлау барысында тақырып аясында оқушылардың тіл үйренудегі оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым дағдыларын арттыру негізгі мақсатқа алынды. Тізбектелген сабақтар барысында танымдық қабілет ақпараттармен жұмыста, ал, әлеуметтік өзара қарым-қатынас топтық жұмыс арқылы жүзеге асыру көзделген. Сабақтар тақырыптарының бірізділігі тыңдау, айту, жазу және жаңа лексикалық бірліктерді зерделеуге мүмкіндік береді. Жаңа лексикалық бірліктерді есте сақтап, жаңа ақпараттарды қайта өңдеуге бағытталған жұмыстар, оқушыларда аталған дағдыларды дамыту үшін мәтінмен жұмыс жасау барысында мәтіннің түрін анықтай алу, таныс сөздер мен сөз тіркестері және таныс емес сөздерді ажырата алуын қамтамасыз ету ескерілді. Мәтінмен жұмыс JIGSAW әдісі арқылы жүргізіледі. Көлемі үлкен және жаңа лексикалық бірліктері бар мәтінді төрт шағын бөліктерге бөліп, оқушыларға мәтінді өңдеуге, ақпараттарды талдауға ұсынылады. Әрбір жұмыс тобында елтануға байланысты түрлі мәлімет болады: 1 жұмыс тобында «Ұлыбританияның географиясы», 2 жұмыс тобы «Үлкен қалалары», 3 жұмыс тобы «Халқы жайлы мәлімет», 4 жұмыс тобы «Транспорт» тақырыптары бойынша ақпараттарды талдайды, таныс емес сөз тіркестерін бірлесе мағынасын танып, өзге жанұя тобындағы сыныптастарына айтып беруге дайындалады. Белсенді оқылым және оқушылар арасында диалог орын алады. Жанұя топтарында инфочарт толтыру үшін бір-бірімен жаңа ақпараттармен алмасу жүреді және диалог білім алушылық бағытта болады. Инфочартты барлық мәліметтермен толықтыру үшін әрбір топ мүшесі өз үлесін қосуы қажет, осы арқылы оқушылар түгелдей оқу үдерісіне тартылады. Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған тапсырмалар жоспарда ескерілген.

Тыңдалым дағдысын арттыру жасау үшін электронды оқулықтан алынған бейнематериалдар беріледі. Тыңдалым және жазылым барысында грамматикалық құрылымдарды қолдана алуы қамтамасыз етіледі. Бейнематериалды тыңдау барысында оқушылар үзінді не жайлы екенін түсіну, атаулар мен аттарға көңіл бөлу, сөйлеу ағынын түсіну деңгейі бағаланады. Аса қажеттілігі бар оқушыларға мәтіннің транскриптісі беріледі. Сонымен бірге бейнематериалдан кейінгі талқылау барысында тыңдалымдағы жаңа лексикалық бірліктер қолданысқа енеді.

Логиканы пайдалана отырып, жазылым барысында әңгіме жүйесін құруға үйрету төртінші сабақта жоспарланған. Бұл оқушылардың ойын жүйелеуге, тірек сөздер мен құрылымдарды жазу арқылы идеяларды ұсынуға оқушыларға қолайлы жағдай тудыртады. Жазылым «Досыма хат» стратегиясы арқылы енгізіледі. Алдымен шағын шығарманың эскизін жасау ұсынылады. Тақырып бойынша оқушыларға тірек сөздері мен сөз тіркестері, грамматикалық құрылымдарды және жұмыста болуы тиісті элементтер критерийлер арқылы беріледі. Критерийлер оқушылармен бірлесе жасалады.

Тізбектелген сабақтар барысында оқушыларға сөздіктер мен интернет торабын қолдану арқылы қажетті мәліметті дербес іздеуге, құрдастарымен оны талдауға, мәліметтерді сұрыптауға мүмкіндік жасалады. Мәліметтерді интерпретациялау кезінде дұрыс дыбысталуы мен интонацияға назар аудару үшін критерийлерді қолдану жоспарланды. Оқу және жазу сауаттылығын арттыру үшін әр сабақта қалыптастырушы бағалау (өзін-өзі және өзара бағалау) қолданылады.

Тарау бойынша оқушылардың жетістікке жеткендіктерін немесе жетпегендерін өзін-өзі бағалау арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін оқушыларға бірінші сабақта тараудың мақсаты таныстырылады. Тараудың соңында төмендегі табыс критерийлері беріліп, оқушының қол жеткізген жетістігі бағаланады.

Табыс критерийлері:

Критерийлер	Жоғары деңгейде	Орташа деңгейде	Әлі де жетілдіруім керек
Мен Ұлыбританияның географиясы жайлы айтып бере аламын.			
Халқы жайлы ақпарат бере аламын			
Үлкен қалалары жайлы айта аламын			
Транспорт түрлерін атай аламын			
Лондон қаласының көрнекті жерлерін сипаттай аламын			
Ұлы ақын У.Шекспир жайлы, оның шығармалары жайлы айта аламын			
Жана сөздер мен сөз тіркестерін жатқа білемін /синоним, антоним/көп мағыналы сөздерді/			

ОҚУШЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ ОРТАСЫН ЖОСПАРЛАУ

Жоспарлау туралы

Жоспарлау дегеніміз – қойылған мақсаттарға жету үшін ресурстарды тиімді бөлу, келешекте міндеттер мен әрекеттерді анықтаумен байланысты үдеріс. Жоспар қаншалықты жан-жақты ойластырылған болса, соншалықты табысқа жету мүмкіндігі арта түседі. Жоспарлау кезінде алдағы болатын іс-әрекеттер, оның логикалық реті, қажетті ресурстар, мүмкін болатын барлық кедергілерді де егжей-тегжейлі ойластырумен қатар, белгіленген уақыт мақсатқа жетуге қаншалықты жеткілікті екені де ескеріледі. Жақсы құрылған жоспарда болашақ әрекет кезінде мүмкін болатын кедергілерді ескере отырып, қосымша жоспар да алдын-ала қарастырылады.

Оқыту мен оқу үрдісінде жоспарлау маңызды орын алады. Әдетте, жақсы сабақ өткізетін мұғалім жоспарлаудың шебері болады.

Оқушыға бағытталған оқу ортасын құрылымдауға дайындық

Бағдарлама аясында баланың оқуына бағытталған оқу ортасын құруды жоспарлауда мұғалімге бірнеше сала туралы білімі мен түсінігі қажет болады. Себебі осы балаларға бағытталған оқу ортасында мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады.

Сыныпта оқушының оқуына бағытталған оқу ортасын құруды жоспарламас бұрын, мұғалімдер бағдарлама аясында төмендегі сұрақтар төңірегінде ойлануы тиіс

- Балалар қалай оқиды?
- Нені оқыту керек?
- Оқушылар не қалайды?
- 7 модульді ықпалдастыру не береді?

Балалар қалай оқиды?

Мұғалімдер қалай оқу керектігін білетін оқушы қалыптастыруға, балалардың оқуын дамытуға бағытталған оқу және оқыту ортасын құруда балалардың қалай оқитынын түсінуі маңызды. Сіз балалардың қалай оқитынын түсінген кезде ғана оларды қалай оқуға болатынын үйрете аласыз.

Егер адамдардың қалай оқитыны туралы психологиялық еңбектерге сүйенетін болсақ, олар үш түрлі теорияда қарастырылады: танымдық теория, аффекттік теория және әлеуметтік теория. Танымдық теория адамдардың еске сақтау, қабылдау, ойлау сияқты үдерістерді зерттеулерге негізделген. АҚШ-тағы Мэн штатындағы Бефель ұлттық оқу зертханаларының ұсынған зерттеулері нәтижесінде білім алушылардың

алған ақпаратты меңгерудің орташа пайыздық көрсеткіші анықталған. Жоғарғы көрсеткіштерге талқылау, білімді тәжірибеде қолдану, басқаларды оқыту әдістері ие болды. Олай болатын болса, оқушы оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана оқу материалын терең меңгерілуіне қол жеткізуге болады.

Әлеуметтік теория адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынас жасау нәтижесінде туындайтын оқуға негізделеді. Бұл туралы Выготский баланың өзекті даму аймағынан жақын арадағы даму аймағына өту үшін ересектер мен анағұрлым қабілетті құрбы-құрдастары әсерінің маңыздылығы туралы айтады.

Ал аффекттік теория оқудағы эмоциялардың үлесі жағынан қарастырады. Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, балалар белгілі бір жағдайдың әсерімен білім алғанда, оқуға олардың эмоциялары да үлес қосады. Осы орайда, оқушыларды ынталандыру, таң қалдыру, қызықтыру, қолдау көрсету, оқушылардың оқуына жағымды және қолайлы ортаның болуына негізделеді.

Нені оқыту керек?

Жоспарламас бұрын сіз, «нені оқыту керектігі» туралы ойлануыңызды қажет етеді. Бұл сұрақ өте қарапайым болып көрінеді. Себебі, мұғалімдер «нені оқыту керек?» деген сұраққа жауап берерде пәнді оқыту бойынша әзірленген оқу бағдарламасын басшылыққа алады. Бағдарлама аясында мұғалімдер пәннің мәнмәтінінде алған білімдерін шынайы өмірлік жағдайда қалай қолдануға қалай үйрететіні туралы да ойланады. Яғни, өз пәні бойынша оқушылардан әлдеқайда жоғары нәтиже күтеді.

Нені оқыту керектігі туралы сұраққа жауап беруде, мұғалімнің қазіргі ХХІ ғасыр дағдылары туралы білімі, түсінігі өзекті болып табылады және осы дағдылар оның дағдысына айналады. Осы орайда, сыни тұрғысынан ойлауға үйрету, деректерді өңдеу, зерттеу жұмыстарын жүргізу, топта жұмыс істеу, сандық технологияларды меңгеру дағдыларын қалыптастыратындай оқу ортасын құру қажеттілігі туындайды.

Келесі кезекте еліміздегі негізгі құндылықтарды да білуі маңызды. Мұғалім «Біздің еліміз үшін не құнды?», «Біздің еліміздегі «мінсіз» оқушы қандай болу керек?», «Менің мектебім бітіруші түлектердің қандай болғанын қалайды?» – деген сұрақтар төңірегінде ойлана отырып, өз сабақтарында осы құндылықтарды оқушы бойына қалыптастыру мақсатында оқу ортасын құра біледі.

Әрине, мұғалімдердің көкейінде мемлекеттік оқу стандарты бұл мәселелерді қарастырмайды, ол үшін оқу бағдарламасын өзгерту керек деген ой туындайды. Бірақ сіздің алдыңызда отырған балалар олар дәл қазір бар, олар оны тоспайды. Ал сіз оқушыларды өте жақсы көргендіктен, өз мамандығыңызды «миссия» ретінде қабылдайтын мұғалім болғандықтан, сіз өз қолыңыздан келетіннің бәрін жасайсыз. Сіз оқушыларыңыздан жоғары нәтиже күтесіз.

Оқушыларға не қажет?

Бұл сұрақ «Балалар қалай оқиды?» деген сұрақтың аясында қамтылуы мүмкін. Ол «оқушы үні» жобасы аясында айтылады. Бұл сұрақты жеке қарау мұғалімдерге оқушылардың нені қажет ететінін түсінуге көмектеседі деп ойлаймын. Бұл сұрақ

мұғалімге сабақты жоспарлауда тек техникалық жағын ғана қарастырмай, өзінің сыныптағы әрекеті, оқушыларға көзқарасы, оқушылармен қарым-қатынасы туралы қайта қарауына ықпал етуі мүмкін.

Кембридж Университетінің Білім беру факультетінің халықаралық кеңесшісі Колин Маклауфин оқушылардың оқуына әсер ететін факторды анықтауда жүргізген зерттеу нәтижесінде оқушылар мұғалімдермен қарым-қатынас жақсы болған кезде оқуға ынталы болатындары туралы айтып көрсетеді.

Ал Mclean (2003ж.) зерттеулеріне сүйенетін болсақ, оқушыларға:

- дербестік – оқу кезінде олардың жеке не істей алатын бақылау сезімі;
- ұжым – оқу кезінде әрекет ету және басқалармен әрекеттесу;
- жатсынбау – сыныптағы әлеуметтік жағдайда ыңғайлы сезіну және өзін «бүтіннің бөлшегі» ретінде сезіну;
- олардың жеке «көзқарастарының» мойындалуы (тапсырманы орындау тәсілдерін таңдау);
- қамқорлық – мұғалімдер немқұрайлы еместігін, өз оқушыларын бағалайтынын көрсетеді;
- құрылым – тәжірибелерді зерттеу арқылы алға жылжуын ұйымдастыру;
- ынталандыру – оқушылардың қызығушылығын арттыратын әрекеттер;
- кері байланыс – оқушылардың қалай алға жылжитыны туралы сындарлы, көмекші ақпарат.

7 модульді ықпалдастыру не береді?

Сіз сыныбыңызды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Неше бала оқу үрдісіне белсенді тартылады? Егер сіздің сыныпта 30 оқушы болатын болса, сіздің белсенді балаларыңыз 10-15 болуы мүмкін. Мен бұл санды өз тәжірибеме сүйене отырып айттым. Мүмкін қателесермін?...

Мен өткізген немесе бақылаған сабақтардың көпшілігінде 5-6 бала ғана сабаққа белсенді қатысатын. Ал қалған оқушылар үнсіз, енжар немесе селқос болатын. Мені «Неліктен осы балалардың оқуға ынтасы жоқ?», «Неліктен берілген ақпаратты есінде сақтай алмайды?», «Неліктен сұрақты өзгертсем жауап бере алмай қалады?» деген сұрақтар көп толғандыратын. Бұл сұрақтар мені ғана емес, сіздің үнемі қоятын сұрақтарыңыз болған болар. Бағдарлама идеясында ұсынылған «*Оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер*» модулі «Балалар қалай оқиды?» сұрағымен сабақтаса отырып, сізге балалардың бойында нақты кедергілерді анықтауға, олардың себептері туралы терең ойлануға, сол кедергілерді жою тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік береді. Осы модульде, сіздер, сыныбыңызда отырған оқушыны өз бетімен оқитын, тәуелсіз, оқуға құштар тұлғаны қалыптастыруда өзін-өзі реттеу ұғымын кеңейте отырып, сыныпта не істеу керектігі туралы да білімдеріңіз қалыптастады.

Сіз сыныптағы оқушыларға модуль аясында қарастырылатын ынтымақтастықта топта жұмыс істеуді үйреткіңіз келеді. Себебі, сіз үшін сыйластық, өзара әрекеттестікте оқу құндылық болып табылады және бұл дағды қазіргі 21 ғасыр дағдыларының бірі екенін білесіз. Бұл мақсатқа жетуде сіз *диалогтік оқыту әдісін* қолдана аласыз.

Сабақта сіз ақпарат беруші мұғалім рөліндесіз бе? Әлде сіз қолдау көрсетуші-мұғалім болуға тырысасыз ба? Сіз оқушылардың өзіне жаңа білімді игеруге, өзідігінен білім алуға, тақырып бойынша барлығына өз ойын айтуға мүмкіндік бересіз бе? Сіз сабақтың қанша бөлігінде сөйлейсіз? Уақытты өлшеп көрдіңіз бе? Бағдарлама аясында өз сабағыңызды бейнежазбаға түсіріп, өзіңіздің сөйлеген уақыт пен оқушылардың сөйлеген уақытын өлшеп көру туралы қызықты тапсырма бар. Егер сіз осы тапсырманы жасап көрсеңіз, нәтижесі сізді таң қалдырары сөзсіз.

Диалогтік оқыту әдісін сабақ үдерісіне енгізе отырып, пәнді терең түсінуге, ақпаратты ұзақ есте сақтауға, сыныптағы барлық оқушыны белсенді тартуға мүмкіндік ашылады. Сондай-ақ, оқушылар бір-бірінен үйрене алатын, өзін еркін ұстайтын жағымды оқу ортасы құрылады.

Сонымен, менің оқушыларымның барлығы белсенді, қызығушылығы біршама артты. Енді мен оқушыларымның терең ойлануын және олардың «неліктен?», «қалай?» деген сұрақтарға жауап бергенін қалаймын. Өз ойын ғылыми зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып дәлелдей алғандарын қалаймын. Сонымен қатар, мен оқушыларға әрбір адамның жеке көзқарасын түсінуге, қабылдауға үйреткім келеді. Ал сіз ше? Оқушыларыңыздың қандай да бір мәселенің шешуде өз ойын негіздей отырып тиімді тәсілді анықтап қолданғанын қалайсыз ба? Олай болса, сіз, *«Сыни тұрғысынан ойлауға үйрету»* модулінде осы сұрақтарға жауап ала аласыз. Сіз оқушыларыңыздың ойлау деңгейін дамытуға, 21 ғасырға қажетті сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалай қалыптастыруға болатыны туралы терең түсінікке ие боласыз.

Сіздің сыныбыңызда дарынды оқушылар бар екені сөзсіз. *«Дарынды және талантты балаларды оқыту»* модулінде сіз осы балалармен қалай жұмыс жасауға болады? Сынып оқушыларының арасында әлі де анықталмаған дарынды және талантты балалар бар ма? Инклюзивті оқыту идеясы аясында сіз сыныбыңызда отырған ерекше қажеттілігі бар оқушыны қалай дамыта аласыз? Олардың әлеуетін қалай арттыруға болады? – деген сұрақтарға жауап бере аласыз.

Менің ойымша, 7 модульдің бірі болып табылатын *«Оқыту мен оқуда АКТ қолдану»* қазіргі таңда да өзекті екенін айтып жату артық болар.

«Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып оқыту» модулін естіген кезде, мен бұл туралы білемін, себебі студент кезімде *«Жас ерекшелік психологиясы»* атты курстан өткен едім. Иә, сол кездегі білімдер маған көмектесті. Дегенмен, бұл тақырып аясында әр жастағы оқушылар өздерін реттей алады ма? Олар қалай ойлайды? Неліктен олай тұжырым жасайды? Олар қалай еске сақтайды? Әр жастағы балалардың метатану дағдылары туралы білімді толықтыруға болады.

«Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі сіз ең бірінші оқушы мен ата-анаға бағаның ашықтығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл модуль сізге сабақта қолданып жатқан іс-әрекетіңіздің тиімділігін бағалауға, оқушыларды білімін зерделей отырып, алға жылжу бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Сіз үнемі оқушылардың оқу нәтижелерін басты назарда ұстай отырып, өзіңіздің оқыту тәсілдеріңізді өзгерте аласыз. Осы модуль аясында сіз оқушыларға оқу мақсатына жету үшін қалай кері байланыс бере алуды үйренесіз. Оқушыларды қалай оқу керектігін үйрету аясында өзара бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін қалай тиімді қолдануға болатынын үйренесіз.

«Оқудағы көшбасшылық және басқару» модулі арқылы сіз сыныпты басқару және өзгеріс енгізу үшін қажетті білім мен түсініктерді аласыз. Соның бірі оқыту мен оқу ортасын жоспарлау.

7 модуль туралы терең түсіну және қолдану, жоғарыда айтылмаған басқа да оқыту мен оқудағы кедергілерді жоя отырып, табысты оқытуға қол жеткізуге болады деп болжам жасалынады.

Орта мерзімді жоспарлау

Балалардың қалай оқитынын назарда ұстап, оларға нені оқыту керектігін айқындап, оқушылардың қажеттілігін ескере отырып енді мұғалімде оқу мен оқыту ортасын қалай ұйымдастырамын деген сұрақ туындайды.

Бағдарлама идеясына сай оқу мен оқыту ортасын құруда жоспарлаудың ұзақ, орта және қысқа мерзімді болатынын айта отырып, соңғы екеуіне басымдық береді. Орта мерзімді жоспарлау өз пәні бойынша білімі жетік мұғалімдерге сыныптағы оқушыларға өз пәнінің логикасы мен терең мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Мұғалімге оқушыларды оқу мақсатына тиімді жолмен жетуіне арналған оқыту мен оқу ортасын құрудың «тактикалық» жоспарлауы деп те қарастыруға болады.

Әдетте, мұғалім әріптестерімен бірлесе отырып орта мерзімді жоспарды құрады. Ол пәннің оқу мақсатын, логикасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Ал кейіннен мұғалім өз сыныбының ерекшелігін, өз құндылықтарын басшылыққа ала отырып егжей-тегжейлі тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлайды. Бұл жерде сыныпқа арналған оқу мақсатына жетуге тәсілдерді тиімді ықпалдастырылған жоспар болып табылады.

Бағдарлама идеясында ұсынылған тізбектелген сабақтар топтамасы оқушының оқуына бағытталады. III деңгей біліктілікті арттыру курсының «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» орта мерзімді жоспарлау - тізбектелген сабақтар топтамасына жеті модульді кіріктіре отырып жоспарлау делінген. 7 модульді ықпалдастыру маңыздылығын жоғарыда айта отырып, тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау төмендегі мақсаттарға жетуді көздейді:

- әрбір сабақтың оқу мақсаттарын белгілеу;
- барлық оқушының жеке қажеттіліктеріне қарай дамуын жоспарлау;
- оқушылардың оқуында болатын барлық кедергілерді жою, ынтасын арттыру, қызығушылығын ояту тәсілдерін қарастыру;
- оқушылардың жоғары ойлауына ықпал ету;
- оқыту мен оқу нәтижелерін бағалау құралдарын айқындау;
- оқытудың әрбір кезеңі бойынша алға дамудың болуын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, орта мерзімді жоспарлау мұғалімге әрекетке дейін және әрекеттен кейінгі рефлексия жасауға мүмкіндік беретін құрал ретінде де қарастыруға болады.

Егер сіз орта мерзімді жоспарда жеті модульдің барлығын тиімді ықпалдастыратын болсаңыз, онда сіздің орта мерзімді жоспарыңыз пәннің логикасын және мазмұнын терең түсінуге ғана емес, сонымен қатар оқушының оқудағы кедер-

гілерін анықтауға, оларды жоюға және сонымен қатар 21 ғасырға сай дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту мен оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама идеясына сәйкес тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау үшін 1-кесте басшылыққа алынады. Бұл кесте 2014 жылы қараша айында «Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстары тренерлерін даярлау» курсынан өткен тренерлер және Кембридж университеті Білім беру факультетінің аға дәріс берушісі Элейн Уилсон мен бірлесе талқыланды. Ортақ шешім бойынша тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлаудың осы кестесі тиімді деп табылды.

1-кесте Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауға арналған кесте

Тараудың жалпы оқу мақсаты:							
№	1. Оқу мақсаты	2. Табыс критерийлері Барлығы: Көпшілігі: Кейбір:	3. Оқудағы кедергілерді жоюға арналған интерактивті тапсырмалар	4. Бағалау: оқу үшін бағалау	5. Барлық оқушылар қамтылған ба?	6. Оқушылардың жоғары деңгейде ойлауын дамытуға және өз бетінше дамуына мүмкіндік берілген бе?	7. Ресурстар
1							
2							
...							
n							

Мұндағы n-тарауда берілген сағат саны (бұл сағат саны егер мұғалім қандай да бір оқыту әдісіне қатысты зерттеу сұрағы төңірегінде іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу кезінде сәйкесінше өзгеруі мүмкін)

Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауға арналған кестені толтыруға нұсқаулық

1. Оқу мақсаты

Оқу мақсаты мұғалімнің оқушыға бағыттталып жоспарланған мақсат. Ол өз кезегінде оқушының нені білуі мен нені үйренуі керек? – деген сұраққа жауап іздеумен астасады. Оқу мақсаты оқушылардың белгіленген уақыт бірлігінде бұрын білмеген нені білетінін, нені үйренетінін айқындау.

Оқу мақсатын айқындау үшін мұғалім өз сынып оқушыларының осы мақсатқа қатысты деңгейлерін анықтайды. Сонымен қатар, мақсат құру кезінде оқушылардың әлеуеті, ерекшелігі, мүмкіншілігі және тағы да басқа факторларды ескереді.

АҚШ-тың Айова штатының Университетінің ресми сайтында оқу мақсатын айқындау туралы Андерсон мен Krathwohl-дің еңбектері ұсынылған. Олардың айтуынша, оқу мақсаттары етістіктен (әрекет) және объектіден (әдетте зат есім) құрлатын сөйлем болып табылады.

- Етістік танымдық процеске қатысты жазылады (білу/түсіну/колдану/талдау/бағалау/жасау сияқты танымдық ойлау деңгейіне қатысты).

- Объект оқушылардың меңгеруіне немесе құруына қатысты білімді сипаттайды.

Мысалы, «*Пифагор теоремасын есептер шығаруда орынды қолданады*» деген мақсат қоятын болсақ, ондағы

етістік - қолданады;

объект – Пифагор теоремасы

Оқу мақсаттарын нақты айқындау мұғалімге сабақ үстінде орындалатын іс-әрекеттерді және бағалау өлшемдерін де нақты анықтауға септігін тигізеді.

Оқу мақсаттарын айқындауда көптеген зерттеулерде Блум таксономиясын қалай қолдануға болатыны туралы жазады. Блум таксономиясы танымдық деңгейді 3-ке бөліп қарастырады: төменгі, орта, жоғары деңгей. Ұсынылып отырған төмендегі 1-кестеде Блум таксономиясын оқу мақсаттарын айқындауға мысалдар келтіріледі.

Оқу мақсатын айқындауда сіз пәнге қатысты оқу мақсатын және пәндік емес оқу мақсаттарды қарастыра аласыз.

Пәннің мәнмәтініндегі оқу мақсатын айқындауда оқу бағдарламасы басшылыққа алынады. Пәндік емес оқу мақсаты қазіргі таңдағы қандай бір өзекті дағдыларды дамытуға, елдің, мектептің оқыту мен оқу саясатына немесе мұғалімнің өзінің құндылығына тікелей байланысты болады.

Мысалы, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үштілділік саясаты жүзеге асырылуда. Осы орайда, олар пәнді оқыту кезінде тілдік мақсаттарды да айқындайды.

Жаңа Зеландия Оқу министрлігі ұсынған «Оқу мақсаттары және табыс критерийлері» атты таныстырылымда пәнге қатысты оқу мақсаты және пәннің сыртындағы оқу мақсаты туралы айтылады.

Түсінікті болу үшін Элейн Уилсон ұсынған презентациясынан үзінді келтіргім келеді (Ministry of Education, New Zealand, <http://www.fx1.org.com>).

«Егер оқу мақсаттары нақты бір пәндік оқу жағдайына (мәнмәтініне) байланысты болмаса, оқушылар алынған білімді және дағдыны кез келген оқу жағдайына қолдана алады»

<i>Нақты пәндік оқу жағдайына қатысты және жағдай сыртындағы оқу мақсаттарына мысал келтіру (Clarke, 2005)</i>	
<i>Оқу жағдайына қатысты оқу мақсаттары</i>	<i>Оқу жағдайы мәнмәтінінің сыртындағы оқу мақсаттары</i>
<i>Самуэл Пэтистің Лондандағы ұлы өртке байланысты рөлін анықтау</i>	<i>Бастапқы дереккөздер өткен оқиға туралы қалай мәлімет алуды білу</i>
<i>Жанұя мүшелерінің қажеттіліктерін анықтайтын сауалнама құрастыру</i>	<i>Бюджетті бөлуді зерттеуді үйрену</i>

Мұғалім оқу мақсатын айқындағаннан кейін, «Бұл менің оқушыларым үшін тым жеңіл болып кеткен жоқ па? Мүмкін олар әлдеқайда жоғары табысқа жете алар?» деген күмәнді сұрақ тұру керек. Хеттидің айтуынша, табысты оқуға ықпал ететін әсер мөлшері жоғары фактор – жоғары мақсат қойып, нәтиже күту, яғни оқушылардан үнемі әлдеқайда жоғары нәтиже күтіңіз, олардың жете алатынына сеніңіз!

2. Табыс критерийлерін айқындау (барлығы, көпшілігі, кейбіреулері)

Табыс критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Нақты айқын қойылған табыс критерийлері оқушыға оқу мақсатына жету үшін қандай білім мен дағдының қажет екенін анық түсіне алады. Табыс критерийлерін айқындау мұғалімге оқушылардың алға жылжуына қолдау көрсетуде, оқушылардың өзін-өзі бағалауға да мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалім табыс критерийлері арқылы оқушылардың оқу мақсаттарына жеткенін бағалай алады. Табыс критерийлерін нақты айқындамайынша, сіз қалыптастырушы бағалауды тиімді түрде жүзеге асыра алмайсыз.

Табыс критерийлері оқу мақсаттары сияқты оқушыларға түсінікті болуына назар аударыңыз.

Орта мерзімді жоспарлауда ұсынылған табыс критерийлері 3 деңгейде жазуды қарастырады. Сыныптағы әртүрлі деңгейдегі оқушылардың оқу қажеттіліктерін ескере отырып, сіз барлық, көпшілік және жекелеген оқушылардың табыс критерийлерін айқындайсыз. Әрбір оқушыдан әртүрлі нәтиже күте отырып, сіз олардың әрқайсысына дамуына бағытталған тиімді әдістерді пайдалана отырып, оқу мен оқыту үдерісін инклюзивті оқыту ортасына айналдыра аласыз.

Сыныпта әртүрлі қажеттіліктері бар оқушылар отыратынына ешкім дау айтпайды. Енді сол оқушыларды қарастырайық. Сіздің сыныбыңызда ерекше бір дарынды және талантты оқушы немесе сіз сыныпта қарастыратын сұрақ бойынша білімі мен дағдысы жеткілікті деңгейдегі оқушы бар. Дарынды және талантты балалар

әдетте берілген ақпаратты тез өңдейді, оны қандай да бір мәселені шешуде қолдану жолын да тез анықтайды. Ол оқушылар жоғары деңгейде ойлауға бейім. Ал сыныптағы көпшілік оқушылар деңгейі бірдей: төмен немесе орта деңгейде болады. Көп жағдайда барлық оқушылар білу мен түсіну, қолдану деңгейіндегі табыс критерийлеріне жетуі мүмкін.

3. Оқу мақсатына жетуге және оқудағы кедергілерді жоюға арналған интерактивті тапсырмалар

Кестенің бұл бағаны оқуда болатын танымдық, әлеуметтік және эмоциялық кедергілер туралы ойланып, олардың алдын алудың тәсілдерін анықтау болып табылады және ол тапсырмалар оқу мақсатына жетуге бағытталады. Оқушыдан күтілетін нәтиже мен сабақтың үстінде орындалатын тапсырмалар арасында сәйкестік болады.

Егер сіздің қандай да бір оқушының бойында оқуда әлеуметтік кедергі бар екенін білетін болсаңыз, сізге сабақта топтық жұмыстарды ұйымдастыруға болады. Дегенмен топтық жұмыс тек қана әлеуметтік кедергілерді ғана емес, сонымен қатар эмоциялық және танымдық кедергілерді де жоюға мүмкіндік береді.

Егер оқу мақсатына жетуде оқушыларға қандай да бір күрделі тұжырымды түсінуде кедергілер бар екенін білетін болсаңыз, сіз оларға түсінуге қолдау көрсету үшін қандай тәсілдерді қолданасыз?

Мен бақылаған мектептердің бірінде химия сабағында пән мұғалімі «Атомның құрылысы» атты тақырыпта оқушыларда атом құрылысын көз алдарына елестету және олардың құрылымын терең түсіну кедергілері бар екенін болжайды. Сондықтан ол сабақта осы кедергіні жоюда визуалдандыру дағдыларын дамыту стратегияларының бірі - модельдеу әдісін қолданды.

Шағын топтарға жіңішке мыс (жез темір), түрлі-түсті пластилин таратып беріп, алюминий, кремний және тағы басқа элементтердің атомының құрылысын моделдеу тапсырмасын берді.

Оқушылар өте белсенді қатысты. Олар атомның 3D моделін жасау керек болатын. Олар тек қана жай модель жасап қойған жоқ, сонымен қатар протондар мен нейтрондардың орналасу ерекшелігін де ескеру қажет болды.

Шағын топтар бұл тапсырманы өте сәтті орындады. Тапсырма орындап болған соң, шағын топтық жұмыстың нәтижелерін, біздің жағдайымызда, атомдардың 3D моделін басқаларға көрсетіп, өзара бағалап, оның құрылымының дұрыстығына назар аударып, түсініктерін дұрыс қалыптастыруға екінші рет мүмкіндік алды.

4. Бағалау: оқу үшін бағалау

Оқу мақсаттарына жеткенін білу үшін бағалау өте маңызды аспект болып табылады. Осы орайда, сіз оқушылардың табысқа жеткендігін қалай бағалайсыз? Өзара бағалау мен өзін-өзі бағалауды оқушының өзінің табыс критерийлеріне қатысты қандай деңгейде тұрғанын және даму қадамдарын анықтау үшін қалай қолданасыз? – деген сұрақтар төңірегінде ойлануды қажет етеді.

Сіз осы жерде қандай да бағалау тестілерін, жеке тапсырмалар, түсіну дәрежесін бағалауға арналған үшін ашық сұрақтарды пайдалана аласыз.

Егер сіз өзара бағалау немесе өзін-өзі бағалауды ұйымдастыратын болсаңыз, алдын ала бағалау критерийлерін айқындап алып, бағалау парақтарын ұсына аласыз.

5. Барлық оқушылар қамтылған ба?

Бұл сұраққа жауап беруде сіз сыныбыңыздағы барлық оқушылардың сабаққа қамтылуын қалай қамтамасыз етесіз сол туралы ойлануыңызға болады.

Егер сіз «Джигсо» әдісін қолданатын болсаңыз, онда сіз осы әдіс арқылы барлық оқушылар сабақта қамтылады деп болжай аласыз?

Егер сіз тапсырмаларды шағын топта орындататын болсаңыз, осы жұмыста әрбір мүшеге жауапкершілік артылған ба? – деген сұрақ төңірегінде ойлануыңыз керек.

6. Оқушылардың жоғары деңгейде ойлауын дамытуға және өз бетінше дамуына мүмкіндік берілген бе?

Мұғалімдер осы бағанды толтыру арқылы жоғары ойлау үшін және өз бетінше дамуы үшін оқушыларға қандай жағдай жасалғаны туралы ойланады.

7. Ресурстар

Бұл бағанды толтыруда мұғалім осы сабақты өткізу кезінде қажет болатын барлық ресурстар туралы ойланады. Сіз керемет сабақ жоспарладыңыз. Егер сол сабақ үстінде қандай да бір тапсырманы орындауға қажетті бір ресурсты ұмытып кетсеңіз, не болады?... Иә сіздің жауабыңыз, менің жауабыма ұқсас болар. Сондықтан жоспарлау толық болу үшін сабақта қолданылатын оқулықтар, қосымша әдебиеттер, қайшы, желім, сызғыш, флипчарт, А4 парақтары, түрлі-түсті парақтар, бейнежазбалар, аудиожазбалар, ұялы телефондар, егер сыныпта интернет қосылмаған болса WIFI модем және тағы, тағы басқалар туралы ойланып толық тізімін жасауға тырысасыз.

Қысқа мерзімді жоспарлау: жоспарлауға дайындық

Мұғалім тізбектелген сабақтар топтамасы жоспарын басшылыққа ала отырып, қысқа мерзімді – бір сабақты жоспарлайды. Сіздің орта мерзімді жоспарыңыз іске асу кезінде өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Егер олай болатын болса, сіз сол өзгерістерді ескере отырып, бір сабақтың жоспарын жасайсыз.

Кез келген сабақты жалпы 4 бөлімге бөлуге болады:

1. Сабақты бастау – бұл оқушылардың зейінін шоғырландыруға, белсенділігін арттыруға, таң қалдыруға, топқа бөлуге, жағымды ахуал тудыруға, тақырып бастапқы білімдерін бағалауға бағытталған тапсырмалар болуы мүмкін. Басты назар оқушылардың ынтасын оятумен байланысты болады.

2. Кіріспе - оқушылардың бүгінгі сабақтың оқу мақсатын және табыс критерийтерлерін түсінуге бағытталған тапсырмалар

3. Негізгі бөлім – оқу мақсатына жету үшін орындалатын негізгі тапсырмалар.

4. Қорытынды бөлім – оқушылардың оқу мақсатына жетуі бойынша рефлексия жасауға, оқушылардан кері байланыс алуға, бағалау жұмыстарын жүргізуге (бұл

жерде тек жиынтық бағалау туралы сөз болып отырған жоқ), мұғалімнің қорытындылауына, сабақтағы басты кезеңдерге назар аударуға бағытталған әрекеттер.

Ұсынылып отырған 2-кесте сұрақтар мұғалімге сабағын жоспарлауды егжей-тегжейлі ойластыруға мүмкіндік береді. Бұл кестедегі сұрақтар «Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсы» тренерлерін даярлау курсынағы тыңдаушылар (құрамында педагогика ғылымы саласындағы профессор, кандидаттар, деңгейлі бағдарлама курсының тренерлері, мектеп директорлары, деңгейлік бағдарлама курсының бағалаушы сарапшылары бар) тренер Элейн Уилсонмен бірлесе талқыланды. Кестені мұғалімдерге қысқа мерзімді жоспарлауға дайындау кезінде қолдануға болатын тиімді кесте деген ортақ шешімге келді.

Кестедегі сұрақтарға жауап беру үшін өз сынып оқушылары бойынша жан-жақты ақпаратқа ие болу қажеттігі туындайды. Негізі бұл қажеттілікті қанағаттандыру мұғалімдерде қиындық тудырмайды деп ойлаймын. Себебі, сыныпта сабақ беретін мұғалім өз оқушысы туралы барлық ақпаратты біледі. Тек енді осы кестені пайдалану кезінде сол білетін ақпаратты сабақты табысты ұйымдастыруда қалай пайдалануға болатыны туралы ойланасыз. Кестедегі кейбір сұрақтар орта мерзімді жоспарлау кестесінің сұрақтарымен беттеседі.

2-кесте. Қысқа мерзім жоспарлауда нені ескеру керек?

Оқуды және оқытуды басқару	Пәнге қатысты мәнмәтін
<p>Мен оқушыларды қалай қарсы аламын? Мен сабақты қалай бастаймын? Мен оқушыларды топтарға қалай және неліктен осылай біріктіремін?</p>	<p>Осы сабақтағы ең басты сұрақ? Неліктен біз осы сұрақты қарастырамыз?</p>
<p>Оқушылардың барлығына бірдей мақсат қойылды ма?</p>	<p>Сыныптағы оқушылар осы тақырып туралы не біледі? (диагностикалық бағалау және/немесе стартер жаттығу)</p>
<p>Мен оқу үшін бағалауға оқушыларды қалай тарта аламын?</p>	<p>Осы сабақтың мақсаты қандай? (оқушылар нені біледі және нені үйренеді/нені жасай алатын болады?)</p>

<p>Тілдік кедергісі бар оқушыларға идеяны қалай түсіндіре аламын?</p> <p>«Жылдам» және қандай да бір кедергісі бар оқушыларды дамыту үшін не істеуім керек?</p>	<p>Осы тақырыпты тұжырымдамалық түсіну-де қандай кедергілер бар?</p> <p>Оқу мақсаттарына жету үшін тұжырымдамалық кедергілерді қалай жоюға болады?</p> <p>Оқушылардың барлығының белсенді қатысуын мен қалай қамтамасыз ете аламын?</p>
<p>Менің өзімнің жеке міндеттерім</p>	<p>Мен оқушыларға неліктен және қандай қосымша тапсырма беремін?</p>

Бірнеше ұсыныс

Сіз сұрақтарға жауап беріп көрдіңіз. Енді сабақтың егжей-тегжейлі жоспарын жазуға кірісуге болады. Осы жоспарлау кезінде сізге арналған бірнеше ұсыныс бар. Бұл ұсыныстар жоғарыда №2 кесте сұрақтарына жауап беруге де көмегін тигізеді.

Бір сабақты жоспарлау кезінде төмендегі ұсыныстарды ескеруге болады:

- Сіз сабақтың басында оқушыларыңыздың қызығушылығын оятатындай, таң қалдыратындай тапсырмалар ойластырыңыз (әрине, ол тақырып аясында болады).
- Сіз сыныптағы оқушылардың тәртібін басқару үшін оқушылармен бірге ережелерді талқыладыңыз ба? Ол ережелер оқушыларға көрінетін жерде ілінген бе? Егер ережелер оқушылардың өздерінен туындаған болса, кейін сіз оларға сүйене аласыз. Тәртіпті сақтау үшін жазылып тұрған ережеге оқушылардың назарын аудартуға болады. Сондай-ақ, ол сіздің тарапыңыздан болып тұрған ескерту болмайды, себебі ол ережелерді оқушылар өздері жасайды.
- Тапсырмаларды тандауда сіз келесі сұрақтарды үнемі ойлануыңыз керек: «Осы тапсырманы мен оқушыларға не үшін орындатамын?», «Ол оқушыларға оқу мақсатына жетуге көмектесе ме?». Яғни сіз таңдап алған тапсырмалар оқушыларға оқу мақсатына жетуге бағытталғаны абзал. Сіз әрбір тапсырмадан күтетін нәтижеңізді нақты айқындаңыз.
- Тапсырмаларды орындауға уақыт бөлген кезде олардың деңгейін және жас ерекшелігін ескеріңіз. Ойлануға уақыт жеткілікті берілген бе?
- Сіз сабақта қолдануда оқулықтан тыс қандай да бір қосымша ресурсты таңдау кезінде мұқият болыңыз. Егер сіз мәтін түріндегі ресурсты таңдайтын болсаңыз, өзіңіз мұқият оқып шығып, сіздің сыныбыңыз үшін бар-

лық терминдер түсінікті ме, дау тудыратын қандай да бір мәселелер болуы мүмкін бе? Ол мәтінде берілген идеялар бейтарап па? Яғни, бұл мәтін қандай да бір көзқарасты жақтай ма? Қысқаша айтқан кезде, мәтін тақырып мәнмәтінінде болуын ескеріңіз.

Мен бір мектепке бастауыш сыныпта математика сабағына қатысып отырған едім. Мұғалім оқушыларға сурет бойынша есеп құрастыру тапсырмасын берді. Суреттің артқы фонында сыныптағы оқушыларға белгісіз бір зат бейнеленген болды. Оқушылар сурет бойынша есеп құрастыруға емес, назарлары сол суреттің артқы фонындағы белгісіз затты талқылауға көше бастады. Мұғалім әрине, оқушыларға ол суретке мән бермеуді сұрады. Бірақ бастауыш сынып оқушыларын білесіздер, олар бірнеше минут көлемінде бір-бірінен сол суреттің не екенін сұраумен болды. Сабақтан кейін, мұғалім осындай кедергінің болатынын болжамағанын, уақыттың біраз бөлігі сол суретті не екенін анықтауға бекер кетіп қалғанына қапаланып, енді суретті таңдауда мұқият болатынын айтты.

- Дәл сол сияқты бейнежазбаларды іріктеген кезде, бейнежазбаны көре отырып, сіздің алыңызда отырған оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес олар оны қалай қабылдай алады? Оларда қандай сезім оятады? Қандай да бір түсініксіз мәлімет беріле ме? Егер берілетін болса, сіз оны қалай түсіндіресіз?
- Интернет желісінен ақпарат іздеуде сіз оларға қандай да бір сайттардың адресін бересіз бе? Әлде олар кез келген сайттан ақпарат ала ма? Егер олай болатын болса, олар сайтта берілген ақпараттың сенімділігі мен шынайылығын бағалай ала ма? Яғни ол берілген ақпараттарға сенуге бола ма? Мүмкін сіз оларға алдымен, интернет желісіндегі қандай сайттардағы ақпарат шынайы және сенімді болатынын туралы ақпарат бересіз? Егер сіздің оқушыларыңыз бастауыш сынып оқушылары болатын болса, онда оларға ақпарат алуға болатын бірнеше сайттардың адресін беруге болады. Сонымен қатар, егер сіздің сынып бөлмеңізде интернет желісі кенеттен қолжетімді болмай қалған жағдайда сіз осы уақытта не істейсіз? Яғни «Б» жоспары сізде дайын болу керек. Дәл сол сияқты егер сіздің компьютеріңіз де қандай да бір белгісіз жағдайда жұмыс істемей қалуы мүмкін. Сіз сол кезде не істейсіз?
- Сіз осы сабақта қолданатын стратегияларды таңдап алдыңыз. Әрине, сіз оларды неліктен және қалай қолдану керектігі туралы білесіз. Дегенмен стратегияларды таңдау кезінде сіздің сынып бөлмеңіз сол стратегияны қолдану мүмкіндік бере ме? Сіздің оқушыларыңызға ол стратегия тиімді бола ма? Бір сыныпта сәтті болған стратегия басқа сыныпта сәтті өтпеуі мүмкін. Ол оқушылардың темпераментіне, ақпаратты қабылау ерекшелігіне және тағы да басқа факторлерге байланысты болуы мүмкін. Мысалы, ол қыздарға ұнайды, ұлдарға ұнамайды. Ал сіздің сыныпта ұлдар көп және тағы, тағы басқа.
- Сіз бұрын сыныпта қолданып көрмеген стратегияны қолдануды жоспар-

ладыңыз. Олай болатын болса, сіз ол стратегияны қалай түсіндіресіз? Осы стратегияны қолдану кезінде оқушыларға не істеу керектігін түсіндіру үшін мейлінше қарапайым және нақты нұсқау беруге тырысыңыз. Сіз нұсқауды ауызша беруіңізге болады. Дегенмен тақтада немесе флипчартты қағазда сызба арқылы нұсқау беру тиімдірек болады.

- Сізде сабақ 45 минут өтеді. Сіз сабақты жоспарлау кезінде ресурстарды үлестіруге, нұсқау беруге, тапсырманы түсіндіруге кететін уақыттардың барлығын ескеруге тырысыңыз. Егер сабақтың ортасында топқа бөлетін болсаңыз, оқушылардың шағын топтарға жиналуына да уақыт керек. Әдетте оқушылар топтарға біріккен кезде, барлық заттарын жинап сөмкелеріне сала бастайды. Ол, әрине, біршама уақыт алады. Сіз шағын топтарға бөлуді де аз уақытта тиімді ұйымдастыруға назар аударыңыз. *Мен бақылаған бір сабақта мұғалім шағын топтарға біріктірген кезде «пазл» әдісін пайдаланды. Оқушылар оны құрастыру уақыты 7-8 минут болды. Сіз қалай ойлайсыз, оқушылардың топқа бірігу уақыты қанша минут болғаны жөн?*
- Сабақтың барысында мұғалім үнемі бағалау жүргізіп отырады. Бағалауды мұғалім бақылау, зерделеу немесе сұрақтар қою арқылы жүргізе алады. Сіз бағалау кезінде нені бағалайсыз? Үдерісті? Әлде нәтижені?

Мысалы, мен информатика пәнінен дәріс беремін. Барлық сыныптарда информатика пәнінің бірінші сабағы «Информатика кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері». Шағын топтар ережелерді белгі (пиктограмма) түрінде ұсынулары керек. Оқушылар топта жұмыс істеп жатыр. Мұғалім ретінде, мені топтық әңгіменің сапасын қалай арттыра аламын деген сұрақ мені қызықтыратындықтан, осы орайда, мен оқушылардың топта қалай жұмыс істеп жатқанын бақылаймын, топтық әңгімені тыңдаймын. Бұл жағдайда мен үдерісті бағалаймын. Бағалау нәтижесінде мен алдағы уақытта топтық әңгіменің сапасын арттыру үшін не істеу керектігі туралы ойланып шешім қабылдаймын.

Нәтижені бағалау үшін мен топтың жасаған жұмыстарын бағалаймын.

Қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу

Сабақтың жоспарын жазуда сіз 3-кестені пайдалана аласыз. Бұл кестедегі оқу мақсаты мен табыс критерийлері орта мерзімді жоспарда анықталынған. Осы кестедегі көпшілік сұрақтар бастапқы тарауларда қамтылған. Уақыт бағанасын толтырған кезде сабағыңыз өтетін нақты уақыттан бастап жазыңыз.

Бұл кестеде айтылмай қалған екі сұрақ – *Мұғалім не істейді? Оқушылар не істейді?* Бұл сұрақтарға жауап беруде сіз әрекетке дейінгі рефлексия жасайсыз. Сіз тапсырмалар мен өзіңіздің әрекетіңізді айқындай отырып, оған қатысты оқушылардың әрекетін болжайсыз. Яғни, жоспарлаған тапсырмаларды оқушылар орындаған кезде оқушылардан сіз не күтесіз? Оқушы әрекеті неғұрлым нақты жазылғаны сізге рефлексия жасауға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің әрекетін айқындауда, сіздің рөліңіз әртүрлі болуы мүмкін:

- Ақпарат беруші, нұсқау беруші – сіз оқушыларға қандайда бір тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндірген кезде, сіз нұсқау беруші рөліне енесіз, ал егер сіз қандай да жаңа ақпаратты (сіздің ойыңызша оқушыларға түсінуге қиын тұжырымдамалық білімді өзіңіз түсіндіруді шешсеңіз) өзіңіз ұсынатын болсаңыз, ол жағдайда сіз ақпарат беруші рөліне енесіз. Осы екі жағдайда да сіз, адамдардың ақпаратты қалай қабылдайтыны туралы білгеніңіз абзал. Әдетте, адамдарды ақпаратты қабылдау деңгейіне байланысты аудиалдар, визуалдар, кинестетиктер деп бөледі. Енді сіз өзіңізді ақпаратты қабылдаушы ретінде елестетіп көріңіз. Сіз ақпарат қалай берілген кезде көбірек қабылдайсыз? Мүмкін ақпаратты көзіңізбен көре отырып, тыңдай отырып жақсы қабылдайсыз? Егер сіз ақпаратты ауызша және визуалды түрде (сызба, таныстырылым, бейнежазба, модель және тағы басқа) ұсынатын болсаңыз, оқушылардың ол ақпаратты қабылдауы арта түседі. Сондай-ақ сіз басқа да сезімдерді ұмытпаңыз. Әдетте, сіз ақпаратты немесе нұсқау беруші рөлінде болған кезде, алдын-ала өз сөзіңізді дайындап аласыз. Оның түсінікті және нақты болуына көңіл аударасыз. Сіз олардың жас ерекшелігін, әрине, ескересіз.
- Бағалаушы (бақылау, сұрақ қою, тыңдау, зерделеу) – сіз бағалаушы рөлінде болған кезде бағалаудың мәніне «қадағалау» қызметін атқарасыз. Яғни, бұл жағдайда сіз оқушының оқуы туралы дерек жинайсыз. Дерек жинауда үдерісті мұқият бақылау, қойылған сұрақтарға оқушылардың берген жауабын тыңдау, оқушылардың жұмыстарын зерделеу арқылы жүзеге асыра аласыз. Әрине, сіз дерек жинау әдісін таңдау сіздің бағалау мақсатыңызға байланысты. Егер сіз сыныпта оқушылардың топта ынтымақтастық қалай болып жатқанын бағалағыңыз келсе, сізге бақылау мен тыңдау әдісі тиімді болады. Сіз бақылау және тыңдау арқылы дерек жинап оны интерпретациялап, қорытынды жасай аласыз. Қорытынды жасау кезінде, сіз оқушылармен келесі кезеңдерде қалай жұмыс істейтініңізді ойластырасыз. Сіз бағалаушы рөлінде болған кезде, қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау жүргізесіз. Жиынтық бағалау да, қалыптастырушы бағалау да айқындалған табыс критерийлеріне сәйкес жүргізіледі. Сіз қалыптастырушы бағалауда сабақ үстінде көбінесе ауызша кері байланыс бересіз. Сіз берген кері байланыс анықталған бағалау өлшемдеріне сәйкес беріледі. Оқушылардың оқуындағы дұрыс бағыттары және оны жетілдіру тұстары кері байланыста айтылады. Кері байланыс әрбір орындалған тапсырмадан кейін беріледі және сабақтың аяғында оқу мақсатына қатысты табыс критерийлеріне байланысты айтылады. Жазбаша кері байланыс, көп жағдайда, оқушылардың жазбаша жеке жұмыстарына беріледі.
- Қолдау көрсетуші (бағыт беруші) – сабақ барысында әрбір оқушы алға жылуына сіз үнемі қолдау көрсетесіз. Сіз үшін әрбір баланың дамуы, өзінің жайлы

сезінуі маңызды. Оқушылар тапсырма орындап жатқан кезде, сіз үнемі оларды бағыттап отыруға тырысасыз. Бағыттаудың мәні тапсырманың шешімін айтып беруде емес, оқушыларды сол шешімді табуға ойлануға ынталандыру. Әрбір оқушыны ынталандыру, қолдау көрсету.

3-кесте. Сабақ жоспары

Сынып:			
Пәні:			
Тақырыбы:			
Негізгі идея:			
Оқу мақсаты:			
Табыс критерийлері			
Барлық оқушылар:		Көпшілік оқушылар:	Жекелеген оқушылар:
уақыт	Мұғалім не істейді?	Оқушылар не істейді?	Ресурстар
Сабақтан кейін ойланатын сұрақтар:			
<i>Не сәтті болды?</i>			
<i>Не сәтті болмады?</i>			
<i>Нені жақсартуға болады?</i>			
<i>Мен өз дағдыларымда нені дамыта алдым? Нені өзгертуге болады?</i>			

Бұл құралда айтылған кеңестер сіздерге ұсыныс ретінде беріледі, яғни бұл кестелерді, ойларды рецепт, дайын үлгі ретінде қабылдау міндетті емес. Себебі, өздеріңіз білетіндей баланы оқыту мәселесі рецептпен шешілетін қарапайым мәселе емес, ол кешенді мәселе болып табылады. Егер осы беттерді оқыған соң, сізде оқу мен оқыту ортасын жоспарлау туралы әріптестеріңізбен бөлісуге ынтаңыз оянса, сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңызды aidosova@mail.ru электронды поштасына жібере аласыз.

1-кесте

Дегей	Сипаттамасы	Қолданылатын етістіктер	Сұрақтардың мысалы
Білім	Қайталау немесе ақпаратты білу арқылы еске сақтауды тексеруге бағытталған; материалды және ақпаратты еске түсіру; түсініп қалған белгілерді орнына қою; ережелер мен анықтамаларды қайталау; қолдану алгоритмін құру.	Айтып береді, тандап алады, көрсетеді, тізім жасайды	Ұлы Отан соғысы қай кезде басталды? Әнгімедегі басты кейіпкерлер кімдер? Зат есім дегеніміз не? Төртбұрыштың элементтері қандай? Үшбұрыштың қандай түрлері бар?
Түсіну	Ақпаратты басқа, таныс жүйеге тасымалдау, яғни ақпаратты басқа түрде ұсыну. Ұқсастықтарды, айырмашылықтарды, сәйкестіктерді сипаттау. Төрт топқа бөлінеді: 1. Түсіндіру (<i>интерпретация</i>) – негізгі идеяны және оның ішкі өзара байланысын анықтау; «Қалай?», «Неліктен?» сұрақтарын және «Салыстыру», «Айырмашылығын көрсету» тапсырмаларын жатқызуда болады. 2. Тасымалдау (трансформация) – идеяны мағынасын сақтай отырып таныс белгілер жүйесіне немесе формаға аулау; графикалық оқу, суретті түсіндіру, өз сөзімен түсіндіру. 3. Мысалдар – ақпараттың мағынасын дұрыс түсініктің көрсетеді. 4. Анықтау – терминнің мазмұнын немесе түсінігін өз сөзімен беру, анықтама немесе терминдерді таныс және түсінікті сөздермен түйіндеу (негізгі анықтаманы қайталамай басқа сөзбен)	Ауларалды, қайта құрады, сипаттайды, таниды, түсіндіреді, баяндау, айтып беру, суретті түсіндіру, салыстыру, сәйкестендіру, айырмашылығын көрсету, мысал келтіру, иллюстрациялау, демонстрациялау	1. Түсіндіру: <i>Өзен мен көлдің қандай айыр-майшылығы бар?</i> - <i>Батыс Қазақстан мен Шығыс Қазақстанның жер бедерін салыстырыңыз.</i> 2. Өңдеу: <i>Түсіңгеніңізді өз сөзіңізбен айтыңыз; - Зерттеуді кесте түрінде ұсыныңыз немесе қысқаша сипаттамасын беріңіз.</i> 3. Мысал: <i>тақырып бойынша мысал келтіріңіз (ережеге қатысты). Сын есімге мысал келтіріңіз</i> 4. Анықтама: <i>Анықтамадағы тірек сөздерді табыңыз</i> - <i>Терминді өз сөзіңізбен айтып беріңіз</i>
Қолдану	Алынған ақпаратты мәселені шешуде қолдану. Оқушы/студент мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен таныс емес проблеманы шеше алады. Мұғалім шешімнің жауабына ғана емес шешімге жету жолына да назар аударады. Себебі, мәселені шешу жолын іздеу шешімнен де маңызды болып табылады.	Қолдану, жасау, тандау, құру, дамыту, ұйымдастыру, тәжірибе жасау, модель құру, анықтау, сұхбат алу	Пифагор теоремасын есеп шығаруда қолдану Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдау (казак тілі) Информатика сабағында $y=x^2+3$ функциясының графинің тұрғызу

Талдау	<p>1. Негізгі ойды анықтау</p> <p>Зерттелетін объекттің құрамын анықтау үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу, сонымен қатар жасырын ойды анықтау.</p> <p>Оқушы/студент әртүрлі бөліктердің қалай жұмыс жасайтынын және оның қалай нәтижеге әкелетінін анықтайды және түсінеді. /Талдаудың түсінуден айырмашылығы ақпаратты терең өңделуі мен меңгерілуінде/.</p> <p>Сараптамалық тиісгерлер мен сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәнін (түінін) анықтау – құрамдас бөліктерге ажырату (ақпараттың негізгі түсініктерінің арасындағы байланысты көрсету үшін оқушылар/ студенттер ои ақпарат аясынан шыға білу керек), айтылған ойды дамыту 2. Жасырын ойды анықтау – екі қорытынды арасындағы байланысты анықтауды қажет етеді/нақты тура айтылмаған шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдарлар анықталады. 3. Себепін анықтау – Оқушы/студент тура және жасырын ойды және әрекетті айқындайды, нақты аргументтер келтіре отырып, өз көзқарасын дәлелдейді) 	<p>Ерекшелік, талдау, ажырату, есептеу, бағалау, тегілеу, салыстыру, зерттеу, мәнін ашу, диаграммаға түсіру, тексеру, себептер мен салдарды анықтау, дәлелдеу, жасырын ойды анықтау, санаттау, бөлшектерге ажырату.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі ойды (түйінін) анықтау – әңгіме сюжетінің элементтерінің айырмашылығын табыңыз -Теореманың екі бөлігін салыстырыңыз. 2. Жасырын ойды анықтау - Зейнеткерлік реформасының негізгі мәні неде? -«Ербек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей» мақаланың мағынасы қандай? 3. Себепін анықтау - Кейінкердің осылай әрекет етуіне не себеп болды? - Неліктен бір жылда 365 күн?
Бағалау	<p>Даулы және полемикалық тақырыптар бойынша өз көзқарасын дәлелдеу және шешім қабылдау. Оқушылар/студенттер өз ойларын, идеяларын, қорытынды ойларын жеткізеді және оларды негіздей алады.</p> <p>Осы деңгейде нақты, жүйелі және негізделген стандарттар қолданылды.</p>	<p>Өлшеу, бағалау, рейтингілеу, салыстыру, қайт қарау, іріктеп алу, негіздеу, дәйектеу, өлшемге сәйкестендіру, тұжырым жасау.</p>	<p>Дискуссия және дау тудыратын сұрақ қою арқылы жүзеге асады/мысалы, «Сіздің ойыңызша осы тиімді әдіс пе? Неліктен олай ойлайсыз? /дұрыс/дұрыс емес, маңызды/маңызды емес, Сіз жақтаушысыз ба әлде даптаушысыз ба?</p>
Жасау	<p>Жана мазмұнды құрау үшін элементтерді шығармашылықпен біріктіру (үйлестіру). Өз тәжірибесі негізінде болжамды, шарттарды, мүмкіндіктерді ескере отырып жана модель құрастыру.</p> <p>Жұмыс түрлері және нәтижелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шығармашылық жанрлар 2. Жоспар құру және тәжірибе өткізу 3. Абстрактілі түсініктерге негізделген нәтижелер. 	<p>Құрастыру, жоспарлау, ұсыну, құру, жинақтау, ұйымдастыру, жазу, дайындау,</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Шығармашылық жанрлар – эссе, шығарма, өлең, баяндама, таныстырылым, сценарий, жоба, компьютерлік бағдарлама құрастыру; 2. Тақырып бойынша білімді нақтылау және жинақтау, жоспар және сызба құру/тәжірибени жоспарлау, нәтижелерді басқару/ 3. Ғылыми гипотеза құра білу және ұсыну (болжам жасау)

4-СЫНЫПТА ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІ, «КӘУСАР БҰЛАҚ» (ЕРТЕГІЛЕР) ТАРАУЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒАН ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРҒА РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ЖАЗБА

Ертегілер тақырыбына арналған орта мерзімді жоспар бойынша негізгі мақсат: Бағдарламаның модульдерін сабақ мақсатына қарай тиімді пайдалану арқылы оқушыларға дұрыс, түсініп оқуды меңгерту, оқушыны шығарманың негізгі идеясын түсінуге жетелеу, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерте отырып, өз ойын айта білу дағдысын қалыптастыру. Сабақтар барысында оқушылар топқа бөлініп, топ ережесін, топ мүшелерінің міндеттерін түсініп орындай бастайды. Әр сабақта бұрын тек сабақ мақсаты айтылса, енді әр оқушы қандай нәтижеге жетем, нені біліп, меңгеріп шығуым керек екен деп ойланып, сабақ соңында өзіне сол нәтижеге жеттім бе?- деген сұрақ қойып, өз рефлексиясын білдіре алады.

Бұл жұмыс менің де сабаққа нақты мақсат қойып, оқушылармен бірлесе нәтижеге жетуге, рефлексиялары арқылы келесі сабақта неге көңіл бөлу керектігін түсінуіме көмек болады деп ойлаймын. Сабақтар топтамасында оқушылардың жаңа материалды өздерінің оқып танысып, топтық жұмыс арқылы бірлесе талдауына, бірінші сабақта постер жасаса, екінші сабақта РАФТ арқылы рөлге енуіне, үшінші сабақта ертегінің белгілі бір бөлігі бойынша сұрақтар арқылы мәтін құрауға, төртінші қайталау сабағында қосымша материалдар арқылы өз топтарының аттары бойынша «Апликация» құрастыруына мүмкіндік береді. Оқушылар Барнс көрсеткендей сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында білім алады. Бірінші сабақта диалогтік оқыту модулін қолданамын. Себебі оқушылар жаңа материалды мұғалімнен түсінгенінен гөрі құрдастары арқылы тез түсінетіндері дәлелденген. Сондықтан олардың өзара сөйлесуіне, талдауына, әңгімелерінің бір мақсатқа бағытталуына жағдай туғызу үшін осы модульді таңдадым.

Келесі сабақта диалогтік оқыту арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамытуды басты бағыт етіп алдым. Себебі оқушыларда дайын мәлімет барысында әңгімелесуден гөрі өз мәліметтері мен дәлелдерін келтіре алатындай әңгімелесудің маңызын тереңдетуді жоспарладым. Яғни Блум таксономиясы бойынша қолданудан гөрі талдауға ауыстым. Үшінші сабағымда оқушылардың сыни тұрғысынан ойлауын талдаудан жоғары жинақтауға бағыттаймын. Онда сұрақтар арқылы мәтін құрап, Не? Неге? Қалай? деген сұрақтар төңірегінде ойланып, сабақ барысында алған білімдерін бір сөзбен жеткізу үшін жұмыс істеуге, оқушылардың ойларын бір арнаға шоғырландыруға жұмыс істеймін. Төртінші сабақта ертегілер бойынша алған білімдерін бағалауды көздедім. Оқушылардың көшбасшылығын дамытуға тырысып, белсенділіктерін көрсетуді мақсат тұттым. Сондықтан сұрақ қоя білуге, өз ойларын автор ойымен салыстыру, мақала жазу сияқты әдіс-тәсілдерді қолданамын. Қалыптастырушы бағалауды, оқушылардың ерекшелігін ескеруді барлық сабақтардың барысында пайдалануды жөн көрдім. Себебі қалыптастырушы бағалау мен үшін де, менің оқушыларым үшін де жаңалық еді. Оқушылардың ынтасын дамыту үшін де формативті бағалауды барлық сабақтарымының өн бойында қарастыруды жөн деп санадым. Барлық сабақтарда жаңа сөздерді меңгеру үшін «Алтын

сандық» қолданылады. Бұл сөздің мағынасын айтып қана қоймай, оны мәтінмен байланыстыра отырып, сөйлем немесе сұрақ құрастыру арқылы терең меңгеруіне, есте сақтауына ықпал етеді. Жұптық жұмыстарды ұйымдастыруда Венн диаграммасы арқылы салыстыруға, 2 минуттық мақала, 1 сөзбен айтып білген мәліметтерін жинақтауға, жіңішке, жуан сұрақтар даярлау арқылы білгендерін бағалай білуге үйренеді. Жеке жұмыс кезінде «Мен - қандаймын?» тәсілі арқылы сипаттау, келесі сабақта ой-толғау жазу, Т кестесін толтыру сияқты әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылардың өз ойларын нақты жеткізе білуге, сыни тұрғысынан ойлауға дағдыланады. Күнделікті сергіту сәтін ұйымдастыру оқушылардың қызығушылықтарын туғызып, көңіл-күйлерін көтеруге септігін тигізеді сөзсіз. Талант пен қабілетті үнемі айқындай отырып бастауыш мектептердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуге тиіс». (Eyre and Lowe, 2002) Алдын ала дарынды, талантты оқушыларға тапсырма беріліп, олар қосымша мәліметтер қарастырып, таныстырады. Сабақ барысында әр тапсырманы берген кезде оқушылардың деңгейіне, жеке ерекшелігіне көңіл бөлемін. Менің сабақ беретін сыныбымның ерекшелігіне сай А, В, С оқушылардың деңгейлерін ескеріп, С оқушыларға тірек сөздер, сызбалар, қосымша мәлімет, тақырыпқа сай суреттер беріп, олардың басқа оқушылармен бірге жұмыс істеуін қадағалап отыру керек. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай бейнежазба және таныстырылым көрсету барысында АКТ-ны тиімді қолдануды жоспарлап отырмын. Себебі, бейнежазбаны көрсету арқылы оқушылардың визуалды қабылдау дағдысын жетілдіруге мүмкіндік туады. Сабақтарда тапсырманы беру барысында уақытты есепке алмау, топ ішінде дауласудың тууы, сабақты уақытында аяқтамау сияқты кемшіліктер болады деп болжаймын. Қалыптастырушы бағалауды іске асырғаныммен, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауда бағалау парағын қолдануды жоспарламадым. Себебі, критериалды бағалаудың түрі күрделі, бұл кіші буын және бағалау үдерісі бірінші рет қолданғандықтан, мен төрт сабағымда қалыптастырушы бағалаудың дескрипторсыз түрін пайдалануды жоспарладым. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланған.

Сабақтар топтамасында диалогтік оқыту, қалыптастырушы бағалау әдістері, сыни ойлауды дамыту, жас ерекшеліктерін ескеру, бірлескен жұмыс сияқты ойлау жолдары арқылы орта мерзімді жоспар іске асырылары сөзсіз.

Әдебиеттік оқу 4 сынып, I тоқсан Кәусар бұлақ (24 сағат)

Күні	№	Сабақтың тақырыбы, мақсаттары	Оқу нәтижелері	Тапсырмалар және белсенді оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдер	Бағалау	Оқушы ерекшелігінің ескерілуі	Негізгі ресурстар
Негізгі мақсат: «Бағдарламаның модульдерін» сабақ мақсатына қарай тиімді пайдалану арқылы оқушыларға дұрыс, түсініп оқуды меңгерту, оқушыны шығарманың негізгі идеясын түсінуге жетелеу, сөйлеу әрекетінің түрлерін меңгерте отырып, өз ойын айта білу дағдысын қалыптастыру.							
16.09	9	«Бес ешкі» ертегісі Ертегінің мазмұнын тақырыбына түсініп, талдай білуге, машықтанады. Жаңа сөздермен таныса отырып, байланыстыра сөйлеуге, сипаттай білуге үйренеді. Оқушылар бірлесе жұмыс жасауда дағдыланады.	Ертегінің мазмұнын және негізгі ойын түсінеді Жаңа сөздерді меңгеріп, өз ойларын жеткізе біледі. Бірлесе жұмыс істейді.	Сөздер арқылы топқа бөліну /Қиял. Гажайып. Шыныш. Жануар/ Үй тапсырмасын жұптық жұмыс арқылы тексеру «Сәйкес цифрлар мен әріптер» Оқулықты ашып, ертегінің тақырыбы мен 1-сөйлемін оқу арқылы шығарманың түрін анықтайды. Сабақ мақсаты мен оқу нәтижелерімен танысады. Сөздік жұмысы «Алтын сандық» Жекелей жұмыс Ертегіні түсініп оқиды. Сергіту сәті /Ән «Ортеке» бойынша би/ Мәтінді талдау. Постер құру /1,2- топтар/ Мәтіннің мазмұны бойынша қойылым қою /3,4 топтар/ Жеке жұмыс. «Мен қандаймын?», Ешкі, тоқты, аққакыр шабондарының үстіне оларды сипаттау. Үй тапсырмасы Ертегіні оқу. Сурет салу «Менің ертегім» Жеке тапсырма «Сүлеймен пағша» мәлімет білу Бағалау Рефлексия. «Сөйлемді аяқтау» Ертегінің негізгі ойы Ертегі мазмұнынан үйренгенім:	Интерактивті тактадағы жауабы бойынша жұппен өздерін тексеру, Дұрыс болса, сөз «Алтын сандыққа» салынады «Бас бармақ» /Түсіндім. Сұрағым бар. Түсінбедім. «Екі жүлде, бір ұсыныс» береді. Топта талдап «Үздігін» оқуға ұсынады	Бір-біріне көмектесе отырып сәйкестендіреді. Барлық оқушы қатысады. С оқушыларға тірек сызбалары беріледі Топ мүшелерінің міндеттері берілген. Сол бойынша барлық оқушы қатысады. Топ жетекшісі басқаларын қадағалайды.	Интербелсенді такта Стикерлер «Алтын сандық» Оқулық Интербелсенді такта Постер Шаблондар Стикер

17.09	10	<p>«Сатқын жапалақ» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсініп, талдай білуге дағдыланады.</p> <p>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін бірімен салыстыруға, ертегідегі сарайды қазіргі заманға келтіріп салу туралы ой-толғау жасауға үйренеді.</p> <p>Оқушылардың бір-бірінің жұмысын нақты бағалау дағдысы қалыптаса бастайды.</p>	<p>Ертегінің мазмұнын және негізгі ойын түсінеді</p> <p>Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін салыстырады, ой-толғау жазалды</p>	<p>Жұмбақ жауабы арқылы топқа бөлінеді. /Самұрық. Жапалақ. Үкі. Байғыз / Үй тапсырмасы бойынша «Галерея аралау»</p> <p>Топтық жұмыс. «Топтастыру» жасау. Сабактың тақырыбы, мақсаты, оқу нәтижелерін анықтау</p> <p>Жекелей жұмыс. Ертегіні түсініп оқиды</p> <p>Топпен жұмыс РАФТ әдісі Ертегі бөліктері бойынша жұмыс</p> <p>Сергіту сәті /Ән «Ерте, ерте, ертеде» бойынша би/</p> <p>Алдын-ала тапсырма мәлімет алу «Сүлеймен патша- ол кім?»</p> <p>Жекелей жұмыс Ой-толғау жазу</p> <p>Жұппен жұмыс «Венн диаграммасы» арқылы салыстыру.</p> <p>Үй тапсырмасы</p> <p>Ертегідегі құстарға мінездеме жазу/жеке паракка/</p> <p>Алдын-ала тапсырма «Ғажайып бак» ертегісін түсініп оқып келу</p> <p>Бағалау</p> <p>Рефлексия «Конверт» арқылы Ертегінің түрі қандай? Ертегі неге бұлай аталған?</p>	<p>Әр оқушы өзіне ұнаған суретке өз жұлдызын жапсырады.</p> <p>Дұрыс жауапқа қол шапалақтау</p> <p>«Бағдаршам» /Түсіндім. Сұрағым бар. Түсінбедім./</p> <p>Басқа топтар «1 сұрақ, 1 пікір» білдіреді./ ауызша/</p> <p>Жұлдыз сыйлау</p> <p>Жанама бақылау</p> <p>«Өкіл жіберу» + арқылы пікір білдіру</p> <p>Қол шапалақтау</p>	<p>Барлық оқушы қатысады.</p> <p>А, В, С оқушыдан да сұралды</p> <p>С оқушыларға суреттер беріледі</p> <p>Рөлдері бөлініп беріледі</p> <p>А оқушы қатысады</p> <p>А, В, С</p> <p>Барлық оқушы қатысады</p> <p>Барлық оқушы орындайды.</p>	<p>Интербелсенді тақта</p> <p>парақтар</p> <p>Оқулық, бағдаршам</p> <p>Слайдтар</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Жұмыс дәптері</p> <p>Венн диаграммасы</p> <p>Сұрақтары бар конверттер</p>
-------	----	--	--	---	---	---	---

18.09	11	<p>«Ғажайып бак» ертегісі</p> <p>Мақсаты: Ертегінің мазмұнын отырып, байланыстыра сұрақтарға жауап бере отырып байланыстыра түсіндіруге дағдыланады.</p> <p>Ертегінің негізгі бір сөзбен айту арқылы жинақтауға үйренеді.</p> <p>Оқушылар өз ойларын білдіру арқылы еркін пікір айтуға машықтанады.</p>	<p>Ертегінің мазмұнын түсіне отырып, байланыстыра айта алады.</p> <p>Ертегінің негізгі ойын бір сөзбен жеткізе біледі.</p> <p>Өз ойын білдіреді.</p>	<p>Жемістер арқылы топқа бөліну</p> <p>Үйден мінездеме жазып әкелген парақтарын жинау</p> <p>Сабак мақсаты мен оқу нәтижелерін анықтау.</p> <p>Топпен жұмыс. «Қос жазба күнделігі» сұрақтар арқылы мәтін құрау</p> <p>Сергіту сәгі</p> <p>«Өкіл» арқылы түсіндіреді, сұрақтарына жауап береді</p> <p>Жекелей жұмыс. «НЕ? ҚАЛАЙ? НЕГЕ?» кестесі бойынша шығармашылық жұмыс.</p> <p>Жұппен жұмыс «1 сөзбен айту»</p> <p>Үй тапсырмасы Өткен 3 ертегіні оқу, сұрақтарына ауызша жауап беру.</p> <p>Бағалау</p> <p>Рефлексия</p> <p>Стикерге жазып қалдыру</p>	<p>Мұғалім бағалауға алады.</p> <p>Мұғалімнің «Жанама» бағалауы</p> <p>«Жапырақ» кестесі арқылы бағалау</p> <p>Жанама бағалау</p> <p>Қол шапалақтау</p>	<p>Барлығы бірге қатысады.</p> <p>Барлық оқушы қатысады.</p> <p>Мұғалім белгілеген А тобындағы оқушы «Өкіл» болады</p> <p>С тобындағы оқушыларға тірек сөздерін беру</p> <p>Барлық оқушы қатысады.</p> <p>Барлық оқушы қатысады.</p>	<p>Парақтар</p> <p>«Қос жазба күнделігі»</p> <p>«НЕ? ҚАЛАЙ? НЕГЕ?» кестесі</p> <p>Стикерлер</p> <p>Стикерлер</p>
-------	----	---	--	--	---	--	--



19.09	12	Ертегілер бойынша қайталау сабағы	Ертегінің анықтамасын, оның түрлерін ажырату бойынша білім, біліктерін тиісінше анықтайды	Ертегінің анықтамасын біледі. Ертегінің түрлерін ажырата алады. Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып, негізгі ойын анықтай алады. Өзінің ой-пікірін білдіреді.	Ертегі, шыншыл, қиял-ғажайып, жануар сөздері арқылы топқа бөліну. Сабақ тақырыбын оқу, мақсаты мен нәтижелерін анықтау. Топпен жұмыс. Қосымша әдебиеттерді пайдалану арқылы өздерінің топтарының аттарын «Апликация» әдісі арқылы қорғау Жұлпен жұмыс. «1 жінішке, 1 жуан сурақтар» әзірлеу, басқа жұптарға беру Сергіту сәті Ертегіні тамашалау «Түргіп алу» Топпен жұмыс. «Дәлелді сөз» арқылы ертегі кейіпкерлерін қорғау Жекелей жұмыс. Т кестесін толтыру Автор ойы, Менің ойым. Жұлпен жұмыс. «2 минуттық мақала» Үй тапсырмасы. Сурет салу «Мен сүйетін кейіпкер» Жекелей тапсырма «Төле би» туралы мәлімет Бағалау Рефлексия «Білім ағашы»	«Смайликтер» арқылы бағалау Жанама бақылау	Барлық оқушы қатысады С тобындағы оқушыларға тірек сөздер беру Барлық оқушы қатысады	Барлық оқушы қатысады В тобындағы оқушылар қорғайды С оқушыларға көмектесу	Энциклопедиялар парақтар Бейнефильм Т кестесі Парақтар «Білім ағашы»
-------	----	-----------------------------------	---	--	---	---	--	--	---

СРЕДНЕСРОЧНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ: ВЫЗОВ, ОСМЫСЛЕНИЕ, РЕФЛЕКСИЯ

Планирование – это один из самых ответственных процессов в деятельности учителя. Именно от его эффективности зависит успех серии уроков, который измеряется качеством знаний учащихся. Мы приглашаем Вас познакомиться с опытом учителей в составлении среднесрочного планирования. Как учитель формулирует цель, определяет ожидаемые результаты, выстраивает серию уроков, объединенных ведущей идеей темы? Как интегрируются идеи 7 модулей в этих уроках? Как и через что учитель понимает, что цель достигнута? Вызовом для написания этого пособия стали затруднения учителей в реализации среднесрочного планирования. Мы думаем, что сейчас, когда вы открываете первые страницы, начинается увлекательный процесс осмысления вами профессионального опыта коллег в планировании, который завершится глубокой рефлексией, ответом на вопрос: «А как я планирую свои уроки и что я смогу сделать для их улучшения?» И эти вопросы станут для вас новым вызовом, побуждающим к совершенствованию педагогической практики.

Среднесрочное планирование:

Литература, 5 класс.

Раздел «Фольклор и литература 20 века. Поэзия. К.Бальмонт, В.Брюсов, Д.Мережковский, И.Северянин, С.Есенин» (4 часа)

Приступая к среднесрочному планированию раздела «Фольклор и литература 20 века. Поэзия. К.Бальмонт, В.Брюсов, Д.Мережковский, И.Северянин, С.Есенин»(4 часа)» курса литературы (5 класс), я объединила уроки, на которых рассматривается влияние фольклора на творчество поэтов начала 20 века: из них 3 часа посвящены изучению стихотворений и 1 час – развитию речи. Изучив требования программы, я в первую очередь сформулировала конечную цель, к которой мы с детьми должны придти после 4 часов изучения учебного материала и обозначила ее так: **Формирование учащимися представления о влиянии русского фольклора на произведения поэтов 20 века.** В определении цели я сделала акцент на личностном восприятии учащимися изучаемых стихотворений, так как в своем преподавании предпочитаю не навязывать свое представление, свой опыт прочтения 11-летним учащимся. Для меня важным будет то, чтобы учащиеся прочувствовали тексты стихотворений, поняли их смысл в соответствии со своим жизненным опытом. Цель – это то, что движет учителем в выстраивании композиции раздела. На достижение этой цели работают микроцели каждого из 4 уроков. Каждый урок – это своеобразный шаг к достижению цели. Очень важно от первого урока к уроку, завершающему блок, провести учащихся по всем ступеням познания (Таксономия Блума): знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценка – и это все должно быть заложено в ведущей идее урока. Все 4 урока соответствуют 3-этапной модели (проект «RWCT») как внутри одного урока, так и в системе уроков. Первый урок – урок-вызов, 2,3 – ос-

мысление, 4 урок – рефлексия. Не только такая композиция позволяет учащимся понять целостность изучаемого материала, но и интеграция 7 модулей в обучающий процесс.

Многочисленно определены ожидаемые результаты, которые мы с учащимися достигнем к завершению изучения раздела: **1. Ученики изучат избранные произведения поэтов начала 20 века, поймут, как в этих стихотворениях отобразился фольклорный мир, углубят понятие о рифме; 2. Ученики научатся анализировать стихотворения, сопоставлять их по темам, образам, чувствам, определят для себя любимые стихотворения; 3. Ученики оценят свою деятельность и работу других учеников, будут учиться взаимодействовать в парах, группах.**

На первый урок для изучения я включила стихотворения Бальмонта, потому что в них дети встретятся с любимыми героями волшебных сказок, и на этом их восприятию чарующего волшебства будет построен весь урок. Именно этот урок станет вызовом для последующих, потому что он начнется с опоры на уже имеющиеся знания по изучаемой теме. Причем это будут не только фактические знания, но и эмоции, чувства, которые вернутся к ученикам из детских лет. На этапе вызова учащиеся будут работать в группе над составлением органайзера, который поможет им вспомнить героев сказок, какую роль они выполняют в своем сказочном мире. На этапе осмысления учащиеся-консультанты, подготовившие к уроку дополнительный материал, помогут своим группам в презентации. Разноуровневые задания позволят на уроке работать в зоне ближайшего развития каждого ученика. В процессе презентации ученики будут оценивать деятельность одноклассников, используя стикеры («Две звезды, одно пожелание»). Закончится урок эссе, в котором будет прослеживаться индивидуальность каждого ученика-читателя.

На втором уроке я объединила изучение стихотворений Брюсова и Есенина, так как их стихотворения написаны под воздействием песен колыбельных и обрядовых. Дети с первых дней жизни слышат колыбельные песни, и я, опираясь на их жизненный опыт, смогу помочь им разобраться в том, как обрядовые песни вдохновили поэтов создать лирические образы. Также мы понаблюдаем над рифмой, дети узнают из литературоведческой статьи о разных рифмах, попробуют сами рифмовать слова и поймут, какое значение имеет рифма для создания формы стихотворения. Учащиеся, которые посещают музыкальную школу, проявят свои способности на этапе вызова, и это будет эмоциональным началом урока, ведущим к достижению цели урока. На этапе осмысления дети выступят в роли исследователей: они будут наблюдать, анализировать текст, доказывать свою точку зрения. Оценивая работу групп по критериям, дети сопоставят разные версии презентаций, научатся различным способам представления информации. Рефлексивная деятельность в течение всего урока завершится выбором понравившихся цитат, которые будут представлены и аргументированы каждым учеником.

Третий урок объединит стихи Мережковского и Северянина, потому что в них поднимается тема единения человека и природы. Поэтические строки помогут учащимся увидеть красоту окружающего мира и создать свой смысл прочитанных стихотворений.

Четвертый урок – урок рефлексия. На нем учащиеся, объединив все впечатления, знания по изучаемой теме, придут к целостному восприятию воздействия

фольклора на поэзию и сравнят свои впечатления с мнением одноклассников. Итоговый урок даст возможность реализоваться каждому ребенку в соответствии с его уровнем восприятия, понимания изученного материала.

Из среднесрочного плана видно, что в планировании отражены все 7 модулей, интеграция которых позволит достичь цели серии уроков.

Модуль «Новые подходы в обучении». На всех уроках предусмотрена групповая работа, которая позволяет вовлечь всех учащихся в процесс осмысления изучаемого материала, используются формы работы, способствующие созданию коллаборативной среды.

Модуль «Обучение критическому мышлению»: все уроки соответствуют 3-х этапной модели, использованы стратегии Критического мышления (проект «RWCT»): тур по галерее, предсказание, «+ - интересно», эссе. На уроках учащимся предложены разноуровневые вопросы, задания, которые дают свободу выбора учащимся, учат их принятию чужой точки зрения.

Модуль «Оценивание обучения и оценивание для обучения»: на уроках предусмотрены все виды оценивания: самооценивание, взаимооценивание, критериальное оценивание (по презентациям групп) и на каждом уроке –формативное оценивание.

Модуль «ИКТ» реализуется через использование на уроках слайд-шоу, которые создадут эмоциональный фон, необходимый для восприятия изучаемого материала.

Модуль «Обучение талантливых и одаренных учащихся»: на всех уроках учащимся будут предоставлены возможности для реализации творческих возможностей.

Модуль «Преподавание в соответствии с возрастными способностями». Изучаемый материал соответствует программе по литературе (5 класс), все задания, текстовый материал соответствуют возрастным особенностям учащихся.

Модуль «Лидерство и управление» раскрывается через взаимодействие с коллегами, а также через реализацию собственной версии урока, принятия на себя ответственности за качество урока.

Таким образом, каждый урок в отдельности представляет собой фрагмент, а вместе 4 урока создают целостную картину, которая должна будет сложиться у каждого ученика, причем у каждого картина будет своя, что должно будет стать достоинством среднесрочного плана, на основе которого будет проведена эта серия последовательных уроков.

Цель: Формирование учащимися представления о влиянии русского фольклора на прозаические поэтов 20 века.

Ожидаемые результаты:

- ученики изучат избранные произведения поэтов начала 20 века, поймут, как в этих стихотворениях отобразился фольклорный мир, углубят понятие о рифме;
- ученики научатся анализировать стихотворения, сопоставлять их по темам, образам, чувствам, определят для себя любимые стихотворения
- ученики оценят свою деятельность и работу других учеников, будут учиться взаимодействовать в парах, группах.

Тема	Цель	Этапы урока	Новые подходы	Критическое мышление	ОдО	ИКТ	Тью	Возрастные особенности	Управление и лидерство
1 урок Герои сказок в стихотворениях Бальмонта	Формирование представления о влиянии сказок на поэзию Бальмонта	1. Вызов. Каких героев волшебных сказок вы знаете? 2. Осмысление. Выполнение творческих заданий: Как герои сказок помогли поэту выразить идею стихотворения. Презентация группами выполненных заданий. 3. Рефлексия. Эссе «Почему я хочу выучить это стихотворение».	Групповая работа Групповая работа	Составление органайзера Разноуровневые задания Эссе	Формативное оценивание		Консультанты в группах	Изучаемый материал соответствует программе по литературе(5 классе)	Блок для среднего учебного материала утверждён на заседании кафедры

<p>2 урок Воздействие обрядовой поэзии на стихотворения В.Брюсова, С.Есенина</p>	<p>Формирование представления о влиянии обрядовой поэзии на стихи Брюсова, Есенина.</p>	<p>1.Вызов. Обряды, описанные в русском фольклоре (Гр. Кольбельные песни, 2 гр. Семейно-обрядовые песни) (опережающее задание) 2.Осмысление. Работа исследовательских групп. Как фольклорные песни помогли авторам создать лирические образы. Углубление понятия о рифме. 3.Рефлексия. Мои любимые цитаты из стихотворений.</p>	<p>Групповая работа</p>	<p>Стратегия + - интересно</p>	<p>Критериальное оценивание Взаимооценивание</p>	<p>Слайды</p>	<p>Авторы:ученики музыкальных школ</p>	<p>Изучаемый материал соответствует программе по литературе(5 классе)</p>	
<p>3 урок Единение человека и природы в стихотворениях Д.Мережковского, И.Северянина.</p>	<p>Формирование представления о влиянии народного творчества на стихи Мережковского, Северянина.</p>	<p>1.Вызов. Слайд-шоу «Человек и природа» 2. Осмысление. Чтение стихотворений картин, увиденных в них. 3.Рефлексия. Рефлексивный подбор иллюстраций к понравившимся цитатам.</p>	<p>Групповая работа</p>	<p>Стратегия «Предказание»</p>	<p>Формативное оценивание Само и взаимооценивание</p>	<p>Слайды</p>	<p>Задания повышенной сложности</p>	<p>Изучаемый материал соответствует программе по литературе(5 классе)</p>	<p>Использование ИКТ обусловлено совместно с учителем информатики</p>
<p>4 урок Развитие речи. Итоговый урок. Воздействие фольклора на лирику поэтов 20 века.</p>	<p>Формирование представления о воздействии фольклора на лирику поэтов 20 века</p>	<p>1.Вызов. Почему «Чтение-второе рождение стихотворения»? 2.Осмысление. Создание и защита постера «Мое любимое стихотворение». 3. Рефлексия. Путешествие по галерее, созданной учениками.</p>	<p>Групповая работа Индивидуальная работа</p>		<p>Взаимооценивание</p>		<p>Предоставление права выбора для собственного творческого выражения</p>	<p>Изучаемый материал соответствует программе по литературе (5 классе)</p>	

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ

«Сабақ-үйреншікті нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген Ж.Аймауытов. Шындығында, әр сабақ өзінше бір зертхана іспеттес. Зерттелетін нысан мәтін мазмұнындағы ой түйіні болса, оны зерттеушілер - мұғалім мен оқушылар. Осында әрбір айтылған сөз бен жасалған әрекеттің арасында көзге көрінбей түзілетін нәзік байланыс болады. Ол байланыс бірін-бірі қадамдап түсіндіретін және жалғастыратын мағыналас ұғымдар, түсініктер кеңістігі. Қарап отырсақ, бұл сыныптағы оқушылар «Мен -тұжырымдамасы» қалыптасқан, «оңы мен солын қажетінше тани алатын» жас кезеңіндегілер. Сондай-ақ, Маслоудың қажеттіліктер иерархиясында көрсетілгендей, сатылай өзін-өзі танытуға дайын тұлғалар. Ойды «Қалай ойлайсыңдар?» деп бағыттасаң болғаны...

11-сыныпта өткізілген 4 сабақ негізінде түйгенім - балалар өзінің өмір тәжірибесі туралы түсініктері бар балалар болып шықты. Тәжірибені зерделемес бұрын байқағаным: орта мерзімді жоспарлау өз пәні бойынша білімі жетік мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың өз пәнінің логикасы мен терең мағынасын түсінуге мол мүмкіндік беретіні. Орта мерзімді жоспарлаудағы түпкі мақсаттардың бірі- жаңа тақырыпты оқушыларға жеке тапсырмаларды орындату арқылы тақырыпты өздігінен игеруіне мүмкіндік жасау болды. Оған себеп, дәстүрлі оқыту барысындағы тақырыпты түсіндіруде кездесетін кедергілерді жою. Негізінен бұл тақырыптар қабылдауға жеңіл, түсіндіруге аса қиындық тудыра қоймайды. Сондай-ақ, жаттығу жұмыстарын да кез келген деңгейдегі оқушы оңай орындай алады. Алайда алдыңғы тақырыпты қанша жерден жақсы түсіндіріп жіберсем де, келесі тақырыпты жалғастыру барысында өткен тақырып оқушы есінде қалуы қиындау. Сол себепті де бастапқы тақырыпты қайта еске салу жұмысы уақыттан көп ұтылуға алып келеді. Сындарлы оқытудың басты межесін ескере отырып, мен тақырыптарды оқушылардың өздерінің меңгеруіне ықпал етсем, тақырып олардың есінде сақталып қалатындығына шүбәм болмады. Мұғалімнің тарау бойынша орта мерзімді жоспар түзуін, оны тәжірибе жүзінде шынайы қолдана отырып, сабақтардың біртұтастығын, кездесетін кедергілердің алдын алу және модульдардың өзара байланыстылығын табыс критерийін негіздей отырып, оқушылардың деңгейлеріне қарай жұмыс жасау керек екенін түсіндім.

Химия пәнінен тізбектелген төрт сабақтан тұратын орта мерзімді жоспарымының негізгі мақсаты: молекула модельдерін құрастыру арқылы алкендердің, алкадиендердің гомологтық қатары қалай құрылғанын және құрылысының ерекшеліктерін ажырата білу, тұрмыста қолданылуын, медицинада, ауыл шаруашылығындағы ролін бағалау, алкендердің құрамындағы қос байланыстың химиялық қасиеттеріне әсерін талдау болды. Сонымен қатар зертханалық жағдайда этил спиртінен этилен алу, жану құбылысын байқау, бром суы мен калий перманганатына әсерін бақылап түсіну. Бұл мақсаттар тікелей оқушыға бағытталып, осы уақыт аралығында олардың осы материалдарды меңгеруі міндетті еді. 1-сабақ бойынша менің күткен нәтиже, табыс критерийім: барлық оқушылар молекула моделін құрастыруды біледі,

алкендердің тұрмыста қалай қолданылуын, медицинада, ауыл шаруашылығындағы ролін сипаттайды. Гомологтық қатар мен құрылысын дамытып ашады. Көпшілігі формуланы түрлендіруде қолдана алады. Кейбіреуі алкендердің алынуын талдап есептер шығарады. Осы табыс критерийлеріне жету үшін бірінші сабағымда алдымен сыныпта жайлы ахуал тудырған соң, электрон бұлттарының пішіндерін таңдау арқылы топқа бөлдім: S, P_x, P_y, P_z. Қолданылған әдіс тәсілдерім: сәйкестендіру тесті, генетикалық байланысқа сәйкес реакция теңдеулерін жазу, бір сатыдан тұратын қарапайым есептер шығару, семантикалық картаны толтыру, «Әліпби желісі» бойынша тақырыпқа байланысты сөздерді айтулары сияқты тапсырмалар балалар үшін қызықты болды. Сабақ барысына келетін болсақ, молекула моделін құрастыру барысында оқушылар жаңа байланыс (қос байланыс) түзілгенін аңғарып, оны қанықпаған көмірсутектер класына жатқыза білді. Бұл тұста байланыстың қалай түзілгені мен оның байланыстың қай түріне жататыны оқушылар арасында қызығушылық тудырды. Сабақ барысында бұндай қосылыстар қаншалықты болуы мүмкін, олар қайдан алынады және біз оларды қайда қолданамыз деген сұрақтар еріксіз оқушыны шешімдерін табуға жетелей берді. Әрине, ойы ұшқыр, тапсырмаларға икемділігі бар, өзінің бар мүмкіншілігін тапсырмаға шоғырландыра алатын, мәселені шешуге құштар оқушылар топтық жұмыста ерекшеленіп шықты. Ынтасы төмен оқушы өзінің осал тұстарын жетілдіруге тырыса бақты. Бұл сұрақтардың шешімін табу барысында талқылау арқылы, деректер мен ақпараттарды дәлелдеме ретінде пайдаланып, нақты тұжырым жасаулары керектігін айтып өттім. Тақырыптарым органикалық қосылыстар кластарының өкілдері туралы барынша кең мағлұмат алу және оны талдау, жинақтау арқылы тұрмыстың қандай саласында не үшін пайдаланатынын анықтау болғандықтан қабілеттері жоғары оқушылармен және үлгерімі төмен оқушылармен де бірдей деңгейде жұмыс істеуге тура келді. Кез келген мұғалім балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады және ол керек те,- деп есептеймін. Себебі оқушы өзін сабақта еркін, өз ойын толық жеткізе алатындай деңгейде сезінбесе, ол сабақ табысты сабақ болмайды. Сыни тұрғысынан ойлау элементтері, топпен оқыту, сұрақ-жауап, ассоциация және мнемоника сияқты әдістер менің бұрынғы тәжірибемде көңіл бөлінетін тұстары болғанымен, сонда да қазіргі уақытта құзырлы мұғалім болу үшін әлі де дамыту керек деп мақсат қойдым. АКТ-ны жүйелі және белсенді қолдану арқылы танымдық көзқарасын қалыптастыруға арналған бейне-жазбаларды ұсынғанда оқушының неге мән беру керек, неге ондай болды деген ойларын қозғады деп түсіндім. Олар АКТ-ны тек ақпарат беруге арналған құрал деп қабылдайды. Оған себеп, «Алкендердің құрылысы және изомериясы» тақырыбында А деген оқушым Chim Ofиссе бағдарламасын пайдалана отырып, оқушыларға нақты түсінік қалыптастыруда кеңістікте молекула пішіні, ол қандай қозғалыста болатыны, атомдар арасындағы байланыс ұзындығы, бұлттар арасындағы бұрыштар мен байланысты үзуге жұмсалатын энергия мөлшері сияқты ақпараттарды жеткізе алды. Бұл өте қуанарлық жағдай еді. Себебі: барлық оқушылар мұндай мәліметтерді жеткізе алмайды, оған әрине әр түрлі кедергілер себеп болады. Біз, ұстаздар сол нақты қандай кедергі екенін біле отырып, жою және алдын алу жолдарын қарастыру керекпіз. Сабақтарымның барысында алкендердің химиялық қасиеттері,

оны есеп шығаруда қолдану мен практикада қандай өнімдер, қанша мөлшерде алынады, – деген тапсырмаларды орындауда, кейбір А деңгейіндегі оқушылардың нақты мәліметтерді тез өңдеуі, оларды есеп шығаруда пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыруға итермеледі. Оқушымының айтқаны: «Алкендердің физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндік қой, неге маған оны есеп шығаруда немесе қарапайым мысалда қанша өнім алуда қолданбасқа? Егер мен полиэтилен өндіретін зауыт ашсам, полиэтиленді этиленнен алатынымды білдім, енді практика жүзінде қандай шығындарға ұшырайтынымды және шығымым қаншалықты болатынына сараптама жасауым керек» – дегенде, сабағымның қаншалықты тиімді болғанын сезіне отырып, табыс критерийіне жеткенімді де аңғардым.

Бұл жерде оқушымының логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі, болжам жасауы, дәлелдемелер, айғақтар іздеуі мен білмеген қырларын білуге деген құштарлығы анықталды. Орта мерзімді жоспарлаудың тиімділігі де осында, барлық сабақтарымыздың өзара бірізділігін, модульдердің кіріктірілуін толықтай қамтамасыз ететіндігіміз.

Өтілген сабақтар барысы арқылы оқушыларымының бойында мен білмеген көп қырлары жатыр екен және соларды мен дер кезінде айқындауым керек ау деген ой туындады.

Келесі сабағым этиленді алу және оның қасиеттерін зерттеу тақырыбы бойынша практикалық сабақ болды. Табыс критерийім: барлық оқушылар зертханалық жағдайда этил спиртінен этилен алады. Этиленді жағады және жану өнімін біледі. Көпшілігі этиленді бром суы мен калий перманганатына жібергендегі өзгерісті бақылайды және түсіндіреді. Кейбіреуі қосылу және тотығу, жану реакцияларын түсіндіре алады. Сабақ барысында барлық оқушыларды қамту мақсатында АВС деңгейлеріндегі оқушылардың теориялық білімдері қандай деңгейде екенін, оны практикада қолдану шеберлігін анықтау және қаншалықты қорытынды жасай алатынын байқауды нысанаға алдым. Сабақты оқушылар өздері қалаған химиялық ыдыстарды таңдау арқылы топқа бөлумен бастадым. Бұл тұста А деген оқушымы өзіне 4 түрлі ыдысты да таңдаған, оның себебін сұрағанымда оның жауабы: Маған төртеуі де ұнайды әрі жұмыс барысында олар маған қажет болатын шығар,-деді. Бұл оқушы химия пәні оқытыла бастаған тұста үлгерімі өте төмен оқушы еді. Жеке жұмыс жүргізудің және «қалай оқу керектігін үйренуді» меңгеру арқылы өзінің қиындықтан қашпайтын табандылық және құлшынысының нәтижесінде Ітоқсан ішінде жоғары көрсеткішке қол жеткізген. Қазір сыныпта химия пәнінен үздік оқушылардың бірі. Мен оның бұл әрекетін, яғни 4 ыдысты бірден таңдауын менің сабақ беру әдістеріме әбден жаттыққан және химия пәніне деген үлкен қызығушылығының бары деп түсіндім.

Келесі қадамым – ынтымақтастықта жүргізілген жұмыс жақсы нәтиже беретініне сенімдерін одан әрі жетілдіру үшін шаңыраққа орнатылған стакандағы суды кереге ретінде қолданылған ленталарды барлығы бірдей тарту арқылы төкпей көтеру болды. Оқушылардың қызығушылықтары соншалықты, олар бір-біріне жұмыс барысында қандай қадамдар жасау керектігін айтып жатты. Суды төкпей көтергеннен кейін бір оқушымының практиканы да осылай жасауымыз керек деп өз тобына нұсқау жасағанын байқадым. Бұл дегеніміз де оқушылардың бірлескен ынтымақтастық атмосферасында жұмыс жасауының кепілі.

Сабақты қорытындылау негізінде Блум жүйесі бойынша берілген тапсырмаларды ұсындым. Нәтижесінде мен анықтаған табыс критерийлеріндегідей кейбір оқушылар ғана соңына дейін тапсырманы дұрыс орындай алған, алайда түсіндірмелер керек жерлерде нақтылық байқалмады, олардың тіл байлығын дамыту керектігін байқадым. Барлық оқушылар тапсырманы орындауға тырысқан, ал көпшілігі тапсырманы соңына дейін орындай алмаған, талдау, жинақтау және қандай ерекшеліктері бар екенін толық анықтамаған.

Бұл сабақта мақсатыма жете алдым ба, маған не қиын болды, не үшін қиын болды, бұл қиындықтарды ненің көмегімен еңсердім? – деген сұрақтар арқылы оқушылар ойын білгім келді. Нәтижесінде А деңгейіндегі оқушы қиындық болмады, тек жұмыс барысында топ мүшелеріне көңілім ауа берді- деді. В деңгейіндегі оқушым тәжірибе барысында теориялық білімім төмендеу, себебі бұрын оқымағандығым және химияға немқұрайлы қарағаным деді, ал топпен жұмыс істегенде білмегенді үйрендім, мұғаліммен тығыз жұмыс істеу керек екен – деп жауап берген. С деңгейіндегі оқушылар реакция жазуда және тәжірибе жасауда қиындықтар туындағанын, бірақ топпен бірге орындағанда түсінгендіктерін және үйге барып қайталап оқитындықтарын жазған. Бұл мен үшін сәтті болды деп есептедім....

Сабақтағы оқушыларды бағалауды өзіндік бағалау әдісі бойынша топ басшысы жүргізді. Сабақтың әр кезеңдері бойынша оқушылар мен бірге келісе отырып бес балдық шәкілмен бағалады.

Сабақта оқушылардың уақытты тиімді пайдалана алмауы, теориялық білімдегі химияға тән нақтылықтардың болмауы, жұмыс барысындағы қауіпсіздік шараларының сақталуы сияқты кедергілер туындады. Ол кедергілерді келесі сабақтар барысында оқушыларда практика жүргізудегі шеберлік дағдыларын қалыптастыру арқылы жеңемін деп ойлаймын.

Тізбектелген сабақтар барысында оқушылар осы тақырыптардың өзара байланыста екенін байқай отырып, өздерінің алкендер бойынша алған білімдерінің алкадиендер үшін де ортақ екенін сезді және оны пайдалануда өздеріне сенімділік танытып, мәселені шешуде үлкен икемділік танытты. Оның себебі, олар ақпаратты толықтырып, қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жете білді. Кейбір оқушылардың қызығушылықтары одан да арта түскенін және баламалы шешімдер қабылдау, өзгелер сияқты жауап бергісі келетінін байқадым. Өйткені Қ деген оқушы қос байланыспен қатар, қос байланыстар арасында бір көміртек атомы болатынын немесе қос байланыстар арасында екі қос байланыс болған жағдайлар болатынын байқап, оларды ажыратып айту керек деген пікірін білдірді. Ш деген оқушы маңызды өкілдерін зерттей отырып, изопрен каучугін 2-метил бутадиен-1,3 деп те аталатынын және ол табиғи каучуктің алмастырғышы екенін айта отырып, изопрен каучугінің қасиеттері табиғи каучуктің қасиеттеріне ұқсастығын айқындап айтып кетті. Сонымен бірге табиғи каучук Бразилияда гевея ағашында өсетінін, оның құндылығы жағынан өте қымбатқа түсетінін сондықтан резеңке өндірісі үшін міндетті түрде оның құндылығы жағынан арзан түсетін алмастырғышы керектігін айтты. Осы сабақ барысында оның алмастырғышы изопрен каучугі екенін білді. С деңгейіндегі С деген оқушы алкадиендерден алынатын полимерлер түрлері көп болатынын және болашақта мономерлерді түрлендіру арқылы синтездік жолмен алынатын,

тұрмыстың көптеген саласында қолданылатын полимерлерді алуға болады деген тұжырым жасады. Соңғы сабақ барысында орындаған жеке тапсырмалар арқылы жана тақырыпты меңгеру жұмыстары нәтижелі болатындығына көзім жетті. Себебі өткен тақырыпқа байланысты қайталау сұрақтары мен тапсырмаларды оқушылар біршама жақсы орындап отырды, кей жағдайда бірден жауап беруге қиналғанымен, ойланып немесе берілген сөзді ойша түрлендіру арқылы бірден болмаса да, дұрыс жауап бергендері көп болды, топтарда ынтымақтасқан жұмыс орын алды.

Оқушылардың өздері іздену барысында тапқан алкадиендер туралы ақпараттарын АКТ арқылы ұсынылған теориялық мәліметтермен салыстыру барысында өздерінің жұмыстарының қаншалықты жақын келгендігін байқады. Нәтижесінде кейбір ерекше көңіл бөлу керек жерлерін айқындай түсті. Алған білімдерін пайдалануда «Фишбоун» әдісі арқылы берілген тапсырмаларды орындауда қолданды. Оның барысында А деңгейіндегі Д деген оқушы жылдамдық пен бар көңілін шоғырландыру арқылы тапсырманы сәтті орындады және өзінің тапсырмасының қаншалықты нәтижелі болғандығын білу мақсатында тағы да Б деген оқушымен салыстыруға ұмтылды. Ал В деңгейіндегі Ш деген оқушы өзінің тобының мүшелерінің көмегіне жүгіне орындады. Ол оқушы тапсырма орындау білімін -жетілдіре түсетінін мойындады. Ал С деңгейіндегі С деген оқушы тапсырмаларды орындау барысында неден бастау керектігін және оны қалай орындау керектігін түсінді. Соның нәтижесінде қарапайым заттың аталуы, бір сатыдан тұратын реакцияны жазу және жүру жағдайларын көрсеткен. Алдыңғы және бүгінгі сабақтардағы білімдерін байланыстыра отырып, этаннан бутадиен-1,3ті алуға болатын генетикалық қатарды жазып шықты. Есептер шығару барысында бір күрделі есепті шығару үшін қарапайым бірнеше есепті шығару керектігін түсінді. Болашақта есеп шығаруда осы әдісті қолданатынын айтты.

Бағалау барысында оқушылар өздерінің бүгінгі тақырып бойынша қаншалықты білім алғандарын сезінді. Өз мүмкіншіліктерін пайдаланулары туралы шешім шығара білді. Және топ басшының бағалауына толық келісті. Сабақ өз нәтижесін берді деп есептеймін, себебі берілген ақпарат арқылы оқушы алкандар, алкендер, алкадиендер қасиеттерін салыстыра алатындарын көрсете білді. Соның нәтижесінде алкандарға тән қасиеттер алкендерге тән емес, себебі алкан қаныққан көмірсутектер, ал алкен қанықпаған көмірсутектер. Алкендер қасиеттері алкадиендер қасиеттеріне ұқсас, себебі екеуінде де қос байланыс бар, ал ол қанықпаған көмірсутектер екенін білдіреді деген тұжырымдарын айта білді. Осыдан оқушы салыстыру, ассоциациялау туралы ұғымдарын толықтырды. Ол оқушының есте сақтау қабілеттерін дамытатыны сөзсіз. Өздерін бағалау арқылы және екі жұлдыз, бір тілектері арқылы оқушы үшін сабақтың қаншалықты тиімді болғанын байқадым. Мысалы: бірінші сабағымда алкендер туралы ақпараттарды алғаннан кейін оқушылар өтілген алкандар класымен салыстыра отырып, маңызды жерлерін ажырата білді. Екінші сабағымда қасиеттерін зерттеу барысында олар өзгешелігін оның құрылысы арқылы түсіндіре отырып, белгілі бір заңдылықтарды тұжырымдады. Тапсырма орындау барысында ол заңдылықтарды қолданды және білімдерін бекітті. Үшінші сабақта қанықпаған кс. алкендерді алкандардан алуға болатынын және лабораториялық жағдайда жасай алмайтынын түсіне отырып, зертханалық жағдайда тек спирттен

алатынын түсінді және оны жасай білді. Олар жұмысты жүргізу барысында қалай жасау керек?-деген сұраққа жауап беруі, жұмысты жасау барысын түсінгенін көрсетеді. Не істеу керек?-деген сұрақ барысында іс-әрекеттер жасауға кірісті. Тағы бір айтарым мен оқытатын пән мүмкіншілігі оқыған білімін практика жасау арқылы бекіте түседі. Әрине, балалардың оқу мүмкіндіктері әртүрлі, өйткені қабілеттері мен логикалық сараптаулары әртүрлі. Сондықтан қорытынды жасау, анализдеуі мен бағалаулары да әртүрлі болып шығады. Ерекше қабілеттері бар оқушылардың, соның ішінде ерекше түсініктерін баяндау немесе есептердің шығару барысында ерекше тәсілдерді ұсынулары дұрыс қорытынды жасауға ықпалдауда әсері үлкен. Мен сабақтарымды өту кезінде осындай оқушылардың пікірлерін ескеріп отыруға тырыстым. Бір байқағаным, басқа оқушылардың да өз үлестерін қосуға тырысатыны. Олардың тарапынан ерекше қызығушылық болып, ізденіс, зерттеу жасалса, тақырып ашыла түседі. Мәселені осылай талдау химия пәнін оқудағы қиындықтарды жеңіп, химия пәнінің өмірмен тығыз байланысы арқылы оқушыларды зерттеушілікке, ізденіске талпындырады.

Сабақ барысында оқушының өзі жазып шыққан реакция немесе өзі шығарған есебінің жауабын ортаға салу оқушылардың барлығының дерлік қызығушылығын оятты. Мысалы, алкендерді галогендеу немесе галогенсутектеу, полимерлеу реакциясын жазу алкадиендерде де жазылады. Алкендерге қарағанда алкадиендерге екі есе көп жұмсалатыны белгілі. Демек, алкендерде сәйкесінше дибромбутан, бромбутан, полиэтилен түзілсе, алкадиендерде тетрабромбутан, дибромбутан, бутадиен каучүгі түзіледі.

	бромдау	бромсутектеу	полимерлену
этилен	дибромэтан	бромэтан	полиэтилен
Бутадиен-1,3	тетрабромбутан	дибромбутан	Бутадиен каучүгі
Дұрыс жауаптар саны	22	18	15

Осыдан тізбектелген сабақтар нәтижесінде оқушылардың заңдылықтарға сәйкес реакция жазуда өзіндік көзқарасы мен ұстанымы қалыптасып келеді деп айтуға болады. Химия - нақты ғылым саласы болғандықтан, міндетті түрде кейбір заңдылықтар орындалу керек. Әйтпесе реакцияларды дұрыс жүргізе алмаймыз. Ал ол бізге жаңа заттарды алуда үлкен кедергі болады. Өйткені біз заттардың қасиеттерін біле отырып өзімізге керекті затты алдымен болжаймыз. Реакциялардың жүру заңдылықтарын біле отырып, ол қосылыс түзіле ма жоқ па оны да болжамдаймыз. Сондықтан да бәрімізге белгілі, химия пәні терең ойлауды талап ететін пән. Оқушыларға қабілеттеріне байланысты ерекше жұмысты талап ететін де осы пән болып табылады. Міне, сондықтан оқушылардың көп жағдайда химия пәнін жақсы көрмеймін, мен оны түсінбеймін дегенін жиі кездестіреміз, бірақ оның алдын алу жолдарын қарастыра бермейміз. Осы жерде орта мерзімді жоспарлаудың тиімділі-

гін іс жүзінде нақты байқауға мүмкіндік болғанын айтқым келеді. Себебі: бастапқы жоспарлауда таңдап алған әдістеріңді қысқа мерзімді жоспарлау кезінде немесе бір сабақты өтіп болып, қорытындылау арқылы келесі сабақты жоспарлағанда өзгертуге тура келетін жайттар болғанда және оқушыға білімді меңгерту және меңгеру деңгейін анықтауда, сонымен қатар кешенді көзқарас туындатуда ролі зор екен. Сондықтан оқушылар бойындағы білімдерінің жүйелілігін және сапалылығын толық қамтамасыз етеміз десек, онда барлық мұғалімдер өз пәндері бойынша орта мерзімді жоспар жазу керек деп есептеймін.

	Сабақтың тақырыбы	Оқығудың негізгі мақсаттары	Белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	Модульдерді кіркітіру	Оқу нәтижелері	Бағалау, соның ішінде оқыту үшін бағалау	Барлығын қосқанда	Негізгі дерек көздер ресурстар
1	Алкелдер құрылысы оның алынуы мен қолданылуы	Молекула модельдерін құрастыру арқылы алкелдердің томологиялық қатарын және құрастырылғанын қалай құрастырылғанын ерекшеліктерін ажырата білу, алкелдердің тұрмыста қалай қолданылуын, медицинада, ауыл шаруашылығындағы ролін бағалайды.	СТО(мига шабуыл, ой шақыру, сәйкестендіру тесті, лентейлік тапсырмалар, бағалау) Диалог, сұрақ-жауап АКТ	Оқығудағы жаңа тәсілдер Талантты және дарынды балаларды оқыту Оқығуды басқару және көңілбасшы, СТО, АКТ, диалогтік оқыту, формативті бағалау	Молекула молекулін біледі. құрастыруды Гомотогтық қатар мен құрылысын дамытып аш а д л ы , ф о р м у л а н ы түрлендіруде қолдана алады. Алкелдердің алынуын талдап есептер шығарды, алкелдердің тұрмыста қалай қолданылуын, медицинада, ауыл шаруашылығындағы ролін сипаттайды.	ОуБ және ОБ тәсіл – берілген тапсырмаларды орындауда барысында бірін-бірі бағалауы.	Бұм таксономиясы бойынша А-Практикалық шығарма байланысты есептер В-Берілген формулага сәйкес изомерлерін жазу С-алкелдер классына жататын қосылыстарды бөлу, формуласын жазу	Молекула моделері, алынған дайындалған тапсырмалар (дара байланыс, қос байланыс түрлерін ажырату) Нұрахметов «Химия» Электронды оқулық «Сһим Оһісе» бағдарламасы бойынша нақты мысалдар
2	Алкелдердің физикалық және химиялық қасиеттері	Алкелдердің физикалық қасиеттерін талдау арқылы сан өзгерісіне ауысуын байқау, алкелдердің құрамындағы қос байланыстың химиялық қасиеттерін талдау. Құрылысына байланысты физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру бірзайлығын түсінді.	СТО(лентейлік тапсырмалар, семантикалық карта, бағалау) Диалог, сұрақ-жауап АКТ	Оқығудағы жаңа тәсілдер Талантты және дарынды балаларды оқыту Оқығуды басқару және көңілбасшы, СТО, АКТ, диалогтік оқыту, формативті бағалау	Алкелдердің физикалық қасиеттерін талдап, өзгерісінің сапа өзгерісіне ауысуын байқады, алкелдердің құрамындағы қос байланыстың химиялық қасиеттеріне әсерін білді, есептер шығаруда Құрылысына байланысты физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеру бірзайлығын түсінді.	ОуБ және ОБ тәсіл – берілген тапсырмаларды орындауда барысында бірін-бірі бағалауы, формативті бағалау	Бұм таксономиясы бойынша А- екі сатыдағы өнімге байланысты есептер В- Химиялық үзенттеріне байланысты бір сатылы есептер С- тегістемелік байланыс, реакция теңдеулерін жазу	Алкелдердің хим. қасиеттері -электронды оқулық АКТ, Нұрахметов «Химия» Іс. Хонченко есептер жинағы

3	Практикалық сабақ №2 Этилен алу және қасиеттерін зерттеу	Лабораториялық жағдайда этил спиртінен этилен алу, жану құбылысын байқау, бром суы мен калий перманганатына әсерін бақылап түсіну.	СТО бақылау парағын толтыру, деңгейлік тапсырмалар) Практикалық жұмыс	Оқытудағы жаңа тәсілдер Талапты және дарынды балаларды оқыту Оқытуды басқару және көшбасшы, СТО, диалогтік оқыту, ОБ формативті бағалау	Лабораториялық жағдайда этил спиртінен этилен алады. Этиленді жағалы және жану өнімін біледі. Этиленді бром суы мен калий перманганатына жібергендегі өзгерісті бақылайды және түсіндіреді. Қосылу және тотығу жану реакцияларын түсіндіре алады.	ОУБ және ОБ тәсілі – берілген тапсырмаларды орындауда барысында бірін-бірі бағалауы, формативті бағалау	Бұым тақсономиясы бойынша А- этиленді алып, оның қасиеттерін талдау арқылы есептер шығаруға қолдану В- этиленді алып, оның қасиеттерін реакция ешпаяттау С- этиленді алу реакция теңдеулерін жазу.	Құрал жадыақтар: шпата, сынауық, түтігі бар тығын, этил спирті, қонц күкірт қышқалы, спирт шамы, бром суы, калий перманганаты, су
4	Алкалиендер	Алкалиендер молекула модельдерін құрастыру арқылы құрылысының ерекшелігін негізге алу. физикалық және химиялық қасиеттерін құрылысына байланысты анықталатынын білу.	СТО миға шабуыл, сәйкестік тесті, семантикалық карта, зерттеушілік жұмыс)	Оқытудағы жаңа тәсілдер және дарынды балаларды оқыту Оқытуды басқару және көшбасшы, СТО, диалогтік оқыту	Бүтадиен 2 не бүтадиен 1,3 мысалға ала отырып, мол. моделін құрастырады. Алкендермен салыстыра отырып, алкалиендердің құрылысын тұжырымдайды.	ОУБ және ОБ тәсілі – берілген критерийлер бойынша бағалау	А - Практикалық шығарма есептер В- Реакция өнімнің массасы С- теңетикалық байланыс	Молекула мәкеттері → «Chem Office» бағдарламасы АКТ Деңгейлік тапсырмалар

ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУ: МАҚСАТ ҚОЮ

Деңгейлік бағдарлама аясында дайындықтан өткен барлық мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарына сәйкес келетін, оқу бағдарламаларының талаптарына жауап беретін, оқыту мен оқу үдерісінде жеті модуль идеяларын ықпалдастыратын жоспар жасайды. Оқыту мен оқу үдерісін жоспарлауда порталда орналастырылған арнайы жұмыс құралдары мен ресурстарды қолдануға еркіндік берілген. Дегенмен мұғалімдер сабақты жоспарлағанда әрбір оқушының сол күнге қойылған мақсатқа қол жеткізуіне ерекше назар аударуы керек.

Түйінді ой: *Мақсат үдерістің барлық кезеңі оның аяқталуына әкелетін, реттелген және бағытталған қызметті танытады (Дж. Дьюи, 2000, 99-бет).*

Деңгейлік курстар шеңберінде мұғалімдерге жоспарлаудың үш (ұзақ, орта, қысқа мерзімді) түрі ұсынылады.

Орта мерзімді жоспарлау өзінің анықтамасы жағынан нақты мақсаттарға бағдарланған құрылым болып табылады, яғни қол жетімді нәтижеге бағдарлау – тізбектелген сабақтар топтамасын жасаудағы бастапқы ұстаным. Орта мерзімді жоспарлау Бағдарлама мәнмәтінінде білім беруді жүзеге асырудың маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан оның мақсаттарын оқыту (сындарлы оқыту) жүйесінің мақсатын білмей тұрып қоюға болмайды.

Жалпы біз білім беру мақсаттары дегенде оқушының ақыл-ой, дене, еңбек, эстетика, адамгершілік және коммуникативтік тәрбиесі мәселелеріне байланысты қоғамның алдында тұрған мақсаттарды еске аламыз. Шын мәнінде, тәрбиенің бұл бағыттарының бәрі білім, білік және дағдыны берік игеруге келіп тіреледі. Сонымен қатар осы саладағы субъектілердің құндылықтар жүйесімен анықталады. Мысалы: сабақтың мақсатын оқу бағдарламаларынан күтілетін нәтижеге орай мұғалім анықтайды.

Түйінді ой: *Ескерту керек, оқытудың мақсаты болуы мүмкін емес, мақсат дерексіз ұғымдарда емес, адамдарда – ата-аналарда, педагогтарда, т.б. болады (Дж. Дьюи, 2000, 104-бет).*

Мұғалім тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау кезінде төмендегілерді ескеруі керек:

1. Пән бойынша оқу бағдарламасының қай мақсаттары осы сабақтар топтамасының мақсаты болып табылады.

2. Орта мерзімді жоспарлауды пайдалану нәтижесінде оқыту мен оқу үдерісінде оқушыға арналған қандай мақсаттарға қол жеткізу мүмкін болады.

Бұл сауалдарға жауап болмаса, ұсынылатын жоспардың формальды бөлігін: мақсатын, табыст критерийлерін, күтілетін нәтижесін қайтадан мұқият ой елегінен өткізуге тура келеді.

Мақсаттың екі түрі болады: біріншіден, ауқымды мақсаттар біздің неге ұмтылатынымызды көрсетеді, дегенмен оған нақты жағдайда, шектеулі мерзімде қол жеткізе алмауымыз да заңды. Себебі ауқымды мақсаттар – адамзат әрекетінің бағдары, жалпы өзгерісті, одан күтілетін нәтижені сипаттайды. Мектептегі оқытудың мұндай мақсаттары мыналар болып табылады:

1. Қазіргі әлемге бейімделе алуы үшін, қоғамда өнімді тіршілік етуі үшін қажетті оқушылардың зияткерлік дамуы, ойлау сапаларын қалыптастыру.

2. Білім алуды жалғастыру үшін және өмірлік әрекетте қолдануға қажетті нақты білімді игеру.

3. Қазіргі әлемді танудың, оны зерттеп білудің әдістері мен идеялары туралы түсінік қалыптастыру.

4. Қазіргі өркениет, құндылықтар жүйесі туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Тізбектелген сабақтар топтамасы жеткізу құралы болып табылатын пәндік материал мазмұнына келетін болсақ, ол мектептегі оқытуға тұрақты енген әрі онда үлкен роль атқаратындай болуы тиіс.

Білім беру саласының ауқымды мақсаты шәкірттердің әлемді зерттеп білуі мен оны кемелдендіру әдістері туралы ұғымдарын қалыптастыру болып табылады. Дегенмен нақты пәндер осы мақсатқа жету үшін маңызды нәтижелер береді. Математика мен тілдер әлемнің логикалық картинасын тұтас тануға жәрдемдесетін жалпы танымдық дамуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әдебиет курсы талдау-жинақтау үшін мейілінше күрделі алаң туғызады – бұл көркем мәтіндерді оқып үйрену. Бір жағынан, мәтін – математикалық формула сияқты ойлау әрекетінің нәтижесі, ал екінші жағынан – нысандар мен байланыстар (тек ішкі ғана емес) көркем мәтінде өлшеусіз көп. Талдау үдерісінде көркем, тарихи, ғылыми мәтіндерді зерделеу, ерекшеліктерін анықтау маңызды оқыту әрекеті болып табылады. Ал жаратылыстану пәндерінде эксперименттер жүргізу арқылы әлемді зерттететін болсақ, тарих пәнінің әлемді игерудің тарихи әдісі ретінде маңызы айрықша. Сондықтан да тізбектелген сабақтар топтамасын жасауда мектепте оқытылатын пәндердің (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық) жеке ерекшеліктерімен (спецификасы) қатар олардың оқушы тұлғасын қалыптастырудағы роліне сәйкес мейілінше терең назар аударған дұрыс.

Түйінді ой: *Білім беру технологияларының бірінші тұжырымдамасы жеке-әдістемелік амалдан туындады... Әрбір нақты жағдаят үшін жақсы мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің үлгісі іздестіріледі де, бұл үлгі өзге мұғалімге ұсынылады.*

Білім беру технологияларының екінші тұжырымдамасы 1950-жылдары дәстүрлі әдістемелік амалдың анық емес жайттарына қарсылықтан пайда болды. Екінші тұжырымдамасының базасында құрылған технологиялардың негізіне – диагностикалық және операциялды түрде байқалатын мақсаттар мен білім беру үдерісінің нәтижелілігін үздіксіз диагностикалау ретінде оқыту нәтижесін жоспарлау жатады.

Жаңа – үшінші – тұжырымдама 1990-жылдары қабылданды. Ол оқушының субъектілігін ескеретін білім беру үдерісінің мүмкіндік сипатын мойындаудан байқалды. (А.Н.Дахин, 2007).

Қорыта келе, мұғалім білім берудің ауқымды мақсатын бағдарға ала отырып, орта мерзімді жоспарлау кезінде нақты мақсаттар қоюды ажырата алуы тиіс. ОМЖ-ға қойылатын мақсаттар операциялық сипатта болады және олар диагностикаланады. Бұл екі ұғымды былай түсіндіруге болады. Мақсаттың диагностикалылығы дегеніміз осы мақсатқа жетуді тексерудің мүмкіндіктері мен құралдары бар екенін білдіреді. Ал операциялдылық – мақсатты қоюда оған жетудің құралдарына нұсқаудың бар екенін көрсетеді. Яғни тізбектелген сабақтар топта-

масын әзірлеу мұғалімге тек қана өндірістік міндет қоймайды, сонымен қатар оны шешуді қандай тиімді құралдар көмегімен жүзеге асыруға болатынын көрсетіп береді.

Түйінді ой: ... біз балаларды рационалды ойлауға және әрекет етуге және оларға өмір бойы пайдалы болатын маңызды білім алуды үйреттік (Педагогические идеи Роберта Оуэна, 1940, 176 - бет).

Оқу мен жазу – бұлар ақиқат немесе жалған болсын білімді хабарлауға мүмкіндік беретін құралдар ғана, егер балаларды бұл құралдарды дұрыс қолдануға үйретпесе, олардың балалар үшін құндылығы болар-болмас (Педагогические идеи Роберта Оуэна, 1940, 179 - бет).

Мұғалімдер ОМЖ-да нақты мақсаттар мен оларға жету жолдарын көрсетуі тиіс. Өзінің шектеулі уақыт аралығындағы оқыту әрекеттерін жоспарлап, түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланып сабақ өтерде мұғалім алдына мынадай нақты мақсаттар қоюы тиіс:

1. Оқушы игеретін ақпарат бірлігінің көлемін анықтау (мұғалімнің мемлекеттік стандарт талаптарын білуі);

2. Әрбір анықталған ақпарат бірлігіне қажетті игеру деңгейін (білік деңгейінде игеру, дағды деңгейінде игеру, талдау-зерттеу деңгейінде игеру) нақтылау (мұғалімнің оқушылардың оқу әлеуетін зерттеуі).

3. Оқушылардың білімінің көрсетілген мақсаттарға сәйкестік дәрежесін анықтау (мұғалімнің әр оқушының әлеуетіне сай табыс критерийлерін анықтай алуы).

4. Осы саладағы білімді (егер қажет болса) түзету үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатыны анықталуы тиіс.

5. Пәнді ағымдық оқыту үшін нақты қандай әдістер кешенін пайдалануға болатыны анықталуы тиіс (мұғалімнің Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастырып қолдану құзыреті).

6. Бағдарламаның түйінді идеяларына сәйкес сыныптың ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарын жасау керек (мұғалімнің жоспарлау түрлерін білуі).

ОМЖ-ның нақты мақсаттарынан оқытудың, яғни әрбір қысқа мерзімді жоспарлаудың нақты мақсаттары туындауы тиіс. Егер біз оқушыны қазіргі әлемге бейім әрі сындарлы оқыту теориясына сай сапаларды игерген адам ретінде көргіміз келсе, онда тізбектелген сабақтарда осы стратегияға сәйкес нақты мақсаттар Блум таксономиясы бойынша біртіндеп күрделендірілуі тиіс. ОМЖ-ның мақсатын қоюда шектеу сыныптағы оқыту мен оқу жүзеге асырылатын нақты шарттармен анықталады: оның мерзімі, оқушылардың құрамы мен әлеуеті, ақпарат көзінің қол жетімділігі, оқыту әдістерінің мүмкіндіктері. Осы шектеулерді ескеріп қана қол жетімді мақсат қоюға болады.

Пән мазмұнына сәйкес оқушыларға меңгертілетін ақпарат былай бөлінеді:

- нақты: терминдер, фактілер, кей жағдайда – әрекет тәсілдері (мысалы, үшбұрыштың гипотенузасының ұзындығын табу тәсілі нақты ақпаратқа жатады).
- нақты емес: бағалаушы ақпарат, кей жағдайда - әрекет тәсілдері (мысалы, әдеби шығарманы классицизмге жатқызу, яғни әдеби бағыттарды анықтау нақты емес ақпарат болып табылады).

Деректі және дерексіз ақпарат әрбір оқу пәнінде кездеседі. Әрине, қазақ тілді оқыту негізінен ережелер кешенінен, яғни жүйеленген ақпараттардан тұрады, ал әдебиетті оқыту – нақты емес ақпараттарға құрылады. Сонымен қатар нақты ақпаратты әдебиеттен де табуға болады (шығарманың жарық көрген уақыты, жазушының өмірбаяны, өлең құрылысының теориясы).

Ақпаратты нақты және нақты емес деп бөлу маңызды, себебі түрлі ақпараттарды хабарлаудың да тәсілдері мүлде өзгеше болады, ең бастысы – оларды игерудің тәсілдері бір-біріне ұқсамайды.

Түйінді ой: *«Өмір университеті» қаншалықты құнды болғанымен, олар адамның өзін-өзі тану, өзін-өзі сынау, өзін-өзі сезінуге деген рефлексиялық қабілеттерінің дамуын, оны білім беру әрекетіне енгізгендей етіп, қамтамасыз ете алмайды. Білім беру ересектің тұлғалық жүйесіне ене отырып, оның қоршаған ортаға қатынасын ғана емес, өзіне деген қатынасын да байытады. Ол пісіп-жетілген тұлғаның маңызды көріністерінің бірі қанағаттанбау (неуспокоенность) сезімінің қалыптасуына (Э.Эриксон) ықпал етеді (С.Г.Вершиловский, 2003).*

Оқушылардың оқуы мен оқытуды ұйымдастыру кезінде Бағдарлама мәнмәтініе сәйкес теорияларға сүйену маңызды. Ақпаратты игертудің түрлі психологиялық теорияларының арасынан Выготский – Роджерс – Дьюи теориясын атап өтуге болады. Бұл теориялардың жетістігі мынада:

1. Белгілі бір тұлғаның нақты білім көлемін игерудегі жетістігі мен кемшілігін болжауға мүмкіндік береді (Выготский, жақын арадағы даму аймағы).

2. Ақпаратты түрлі тереңдік пен беріктікте игеруді ажырату мен жоспарлауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының дербестігінің түрлі дәрежесін көрсетеді (Роджерс, «Мен» тұжырымдамасы ілімі).

3. Осы ақпаратты игеруді сыныптық-сабақтық оқыту барысында ғана емес, сонымен қатар меңгертуді дербес түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді (Дьюи және басқалар, білім беру бағдарламаларының оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуға бағытталуы).

Оқушыларды оқыту мен оқу үдерісінің теориядағы қай бағытын пайдаланатынымызды анықтаған соң, үдерісті жоспарлауға, нақты мақсаттарын анықтауға болады.

Мұны жүзеге асыру үшін қажетті:

1. Әрбір балаға оның танымдық дамудың қай деңгейінде екенін анықтау мақсатында диагностика жасау керек.

2. Берілген даму деңгейі үшін қолайлы тапсырмалар жүйесін енгізу.

3. Жоспарлы әрекеттердің оқушыларға ықпалын және жұмыс нәтижесін кезеңімен бақылап отыру.

4. Оқу жоспарына енгізілетін әрбір нақты ақпараттың оқушының жақын даму аймағына қатысты екенін анықтау.

Міне, әрекеттерді жүйелі жүзеге асырған мұғалімдерге тізбектелген сабақтар топтамасын жасауда «... көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігі туралы білім қажет болады» (ЭЫДҰ ұсыныстарынан).

Аффе́ктивтік саладағы оқу мақсаттарының санаттары

Оқу мақсаттарының негізгі санаттары	Оқу мақсаттарының жалпыланған типтеріне мысал
	ОҚУШЫ...
I. ҚАБЫЛДАУ	
<p>Бұл санат оқушының қандай да бір құбылысты қабылдауға дайындығы мен қабілеттілігін білдіреді.</p> <p>Мұғалімнің міндеті оқушының назарын аудару, ұстап тұру және бағыттау. Бұл санатқа жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - түйсіну, - қабылдауға дайындық немесе ниет ету, - таңдап немесе ерікті назар аудару оқушының оқыту мазмұнына белсенді емес позициядан анағұрлым белсенді қабылдауға ауысу шеңберін құрайды. 	<p>Оқудың маңыздылығын түсінгенін байқатады.</p> <p>Сыныптағылардың пікірлерін мұқият тыңдайды.</p> <p>Құрдастарының (өзге адамдардың) қажеттіліктері мен тақырыпқа қатысты түсінбей отырған мәселелерін қабылдай білуді байқатады.</p>
II. ӘСЕРЛЕНУ	
<p>Бұл санат оқушының өзінен туындайтын белсенді ұсыныстарынан байқалады. Бұл деңгейде ол қандай да бір құбылысты жай ғана қабылдап қоймайды, сонымен қатар оны жоққа шығарады, құбылысқа немесе әрекетке қызығушылық байқатады. Сонымен қатар бұл санат:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бағынышты ұсыныс (тілек) айтуды, - еркін ұсыныс (тілек) айтуды, - ой түрткінің оқушыға жағымды ықпалын қамтиды. 	<p>Мұғалімнің берген тапсырмасын орындайды.</p> <p>Сыныпшілік (топ ішіндегі) тәртіп пен ережеге бағынады.</p> <p>Сыныпта көтерілген мәселені талқылауға қатысады.</p> <p>Талқыланатын тақырыпқа қатысты ақпараттармен өздігінен танысады.</p> <p>Тапсырманы өз еркімен орындауға сұранады.</p> <p>Оқу пәніне қызығушылық танытады.</p>
III. ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕНҒЕРУ	
<p>Бұл санатқа:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құндылықтарды қабылдау, - құндылықтарға құрметпен қарау, - мұғалімге (немесе құрдастар арасындағы) сенімділік қатынастары жатады. 	<p>Қандай да бір дағдыны игеруге тұрақты ниет байқатады.</p> <p>Өзінің тұжырымын шығару үшін, көптеген көзқарастарды мақсатты түрде зерттейді.</p> <p>Қандай да бір пікірді жақтауда сенімділік байқатады.</p>

IV. ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ТҮЛҒАЛЫҚ ШКІР	
<p>Бұл санат оқушыда түрлі құндылықтар жүйесін ой елегінен өткізу мен біріктіруді, олардың арасындағы мүмкін қайшылықтарды шешуді және анағұрлым берік әрі мәнді негізде құндылықтар жүйесін қалыптастыруды қамтиды. Бұл:</p> <ul style="list-style-type: none"> - құндылықтар жүйесін тұжырымдамалау, яғни өз көзқарасын ой елегінен өткізу, - құндылықтар жүйесін таразылау, талдауды көрсетеді. 	<p>Сабақ үстіндегі өз мінез-құлқы үшін жауап береді, Өзінің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінеді, Өзінің қабілетіне сәйкес, қызығушылықтары, сенімдеріне сәйкес берілген тапсырманы орындау бойынша (үй тапсырмасына қатысты) әрекеттерін жоспарлайды.</p>
V. ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ӨЗ ӘРЕКЕТІНДЕ ҚОЛДАНУЫ	
<p>Бұл санат оқушының мінез-құлқын тұрақты айқындайтын құндылықтарды меңгеру деңгейін білдіреді. Оған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жалпыланған ұстанымдар, - құндылықтарды әрекетінде ұстануы кіреді. 	<p>Оқу әрекетіндегі дербестік, өзін-өзі реттей білуі, Топта ынтымақтастыққа ұмтылу, Қарсы дәлелдер сенімді болған жағдайда өз тұжырымын қайта қарауға және әрекетін өзгертуге дайындық, Оқыту мен оқу үдерісіндегі «өзіндік мақсатының» тұрақтылығы.</p>

Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауда SMART мақсат қоюға арналған жаднама
Орта мерзімді жоспарлау кезінде қалай «ақылды» мақсат қоюға болады?

Аудармасы	Ойланыңыз ...	Ескеру қажет ...
Specific (арнайы, нақты)	Сіздің мақсаттарыңыз нақты ма?	Сабақтың мақсаты өтілетін тақырыпқа негізделе отырып, сол сабақтың барысында оқушыдан күтілетін нәтижені көздейді. Ұзақ мерзімді білім беру саласының емес, шектеулі уақыт аралығында өткізілетін оқыту мен оқу үдерісіндегі оқушыға арналған мақсат қою қажеттігін есте ұстаңыз.
Measurable (өлшеуге болады)	Сіздің мақсаттарыңыздың ауқымы қандай? Табыс критерийлері қандай? Күткен нәтижеге қол жеткізгеніңізді қалай түсінуге болады?	Табыс критерийлерін жасауда: - сынып оқушыларының оқу әлеуетін ескеру маңызды; - критерийдің, ең бастысы, өлшем құралы екенін ұмытпаңыз; - өз пәніңіз бойынша МЖМБС мен оқу бағдарламасын басшылыққа алыңыз. Сіздің мақсатыңыз - нақты 4 (н/се 5) сабақтың көлемінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу.
Attainable (қолжетімді)	Алға қойған мақсаттарға жетуге қажетті ресурстар бар ма?	Мақсатты әрекетті қалай «елестетесіз»? Қойған мақсатыңызға «жету жолдары», яғни қандай оқыту әдістері мен тәсілдерін қолданатыныңыз жайлы айқын шешіміңіз болуы керек.

Realistic (шындыққа сай)	Сіздің шектелген уақытыңыз бен ресурстарды есепке алғанда, мақсаттарыңыз шын мәнінде қол жеткізерлік пе?	Тізбектелген сабақтар топтамасының уақыты шектеулі. Сондықтан 45 минутта қанша әдіс-тәсіл қолданатыныңызды емес, оқушыдан не күтетініңізді ойластырыңыз. Пән мазмұнының баланың болашақ өміріндегі маңызын емес, оқушының сабақ соңында нені білетіні, нені жасай алатыны, нені талдай алатыны жөнінде түсінік қалыптастырыңыз.
Timed (белгілі бір уақыт аралығымен шектелген)	Шектеулі уақыт деген не? Тағы не істеу қажет? Оны кім және қай уақытта істеу керек?	Тізбектелген сабақтар топтамасының шеңберінде қол жеткізілген мақсаттың оқушының тұлғалық дамуындағы ықпалы туралы ойланаңыз. Білім - оқушыны дамытудың негізгі тетігі екенін ұмытпаңыз.

Орта мерзімді жоспарлау кестесі ресурсымен жұмыс бойынша түсіндірме

№	Сабақтың тақырыбы	Оқытудың негізгі мақсаттары	Белсенді оқытуға қолданылатын әдіс-тәсілдер	Оқу нәтижелері	Бағалау, оқыту үшін бағалау	Барлығы	Негізгі дереккөздер
1	Оқу бағдарламасының негізінде жасалған күнтізбелік жоспардағы тақырып жазылады. 4-6 сабақтың тізбегі.	Тізбектелген сабақтардың мақсаттары Бұл жүйесіне сәйкес қарапайымнан күрделіге қарай өрістеуі қажет. Оқыту мен оқу үдерісінде оқушы неге оқал жеткізетіні мейлінше анық, нақты көрсетілуі тиіс.	- тақырып бойынша ой қорыту, шегім табуды оқушылардың өзіне ұсыну; - түсінуді, талдау, зерттеу әрекеттеріне тарту; - бірлесе оқуға, өзгенің көзқарасын қабылдауға қолайлы орта жасау; - сұрақ қоюға, сұраққа жауап беруге ынталандыру.	Оқытудың табысты болу шарттары: - оқу материалдың өзектілендірілуі; - оқушының белсенділігі; - оқытудың оқушының өмірлік тәжірибесіне негізделуі.	- оқушының ішкі уәжгіне көңіл аудару; - критериялы бағалауды қолдану; - кері байланыс алу; - рефлексиялау дағдысын дамыту.	Түрлі деңгейдегі оқушылармен жұмысқа қолайлы оқу ортасын ұйымдастыру.	Сабаққа қажетті ақпарат көздері мен құралдарды толық көрсету.

Орта мерзімді жоспарлау үлгісі, Әдебиет, 5 сынып

Мақсаты:

1. Әңгімелердің мазмұнын меңгерту және көркем шығармаларға талдау жасау дағдысы мен өзіндік ойлауын дамыту.
Міндеттері:

1. Әдеби шығармаларды түсініп және мәнгерлеп оқу, мазмұндау, талдау машығын дамыту;
2. Ұлттық дәстүр мен ұлттық өнерді білуге, құрметтеуге үйрету.
Табыстылық критерийлері:

- Көркем шығармаға әдеби талдау жасайды;
- Өз пікірін ұсынады, тақырыптағы түйінді ойларға сүйене отырып, дәлелдейді;
- Ортақ шешім шығарады, топтық тұжырымға негіздей отырып, өзіндік тұжырым жасайды.

Күтілетін нәтижелер:


1. Әңгімелердің мазмұнын меңгереді және кейіпкерлердің мінез-құлқына талдау жасайды;
2. Мәтінге жуық мазмұндау, көркем мәтінге талдау жасау іскерлігі дамиды;
3. Ұлттық өнер мен ұлттық салт-дәстүр туралы өзіндік пікірлері қалыптасады және бағалайды;
4. Топпен, жұппен жұмыс істеуге, бірлесе шешім қабылдауға, түйінді идеяларды анықтай білуге үйренеді.

№	Сабақтың тақырыбы	Оқытудың негізгі мақсаттары	Білесенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	Оқу нәтижелері	Бағалау, оқыту үшін бағалау	Барлығы	Негізгі дереккөздер
1	М.Әуезов «Ақын конактар»	Әңгіменің мазмұнын меңгеру және көркем шығармаға талдау жасау іскерлігін дамыту	1. топқа бөлу; 2. топтастыру; 3. «БҮҮ» стратегиясы; 4. сөздікпен жұмыс; 5. электронды оқулық.	1. Әңгіменің мазмұнын меңгереді және талдау машығы дамиды; 2. Жаңа тақырыпты өмірмен байланыстырады; 3. топта жұмыс істеуге дағдыланады; 4. өзіндік ойлауы мен пікірі қалыптасады	1. критериалды бағалау; 2. өзін-өзі бағалау; 3. өзара бағалау; <i>/2 жұлдыз, 1 тілек/</i> 4. мұғалімнің бағасы; 5. кері байланыс.	1. үздіктермен жұмыс; 2. үлгерімі орта оқушылармен жұмыс; 3. үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс;	Автор мен кейіпкерлердің прототиптерінің портреттері, интерактивті такта, түсіндірме сөздік, т.б.

2	М.Әуезов «Ақын қонақтар» әңгімесінің кейіпкерлері	1. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасау және ұлттық сап-дестүр туралы түсініктерін кеңейту; 2. Топта жұмыс істеу және бірлесе шешім қабылдау дағдысын дамыту.	1. сұрақ-жауап; 2. диалогтік оқыту: - зерттеушілік әңгіме; 3. постер құрастыру. 4. эссе	1. белсенді тыңдаушы, белсенді сөйлеуші; 2. сыни ойлайды; 3. алған білімін кез келген жағдайда қолданады және дәлелдейді; 4. өздігінен жұмыс істеуге машыктанады.	1. критериялды бағалау; 2. өзін-өзі бағалау; 3. өзара бағалау; /майлиқтер немесе бес сауақ/ 4. мұғалімнің бағасы; 5. кері байланыс /сатыға шығу/.	1. Үздіктермен жұмыс; 2. үлгерімі орта оқушылармен жұмыс; 3. үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс; 4. дарынды баламен жұмыс	Маркер, плакат, ұлттық энциклопедия, т.б.
3	С.Мұқанов «Лашын»	Әңгіменің мазмұнын меңгерге отырып, талдау, жинақтау және қорыту іскерліктерін дамыту.	1.сұрақ-жауап; 2. диалогтік оқыту: - кумулятивтік әңгіме; 3. «Кең ауқымды лекция» стратегиясы; 4. сөздік жұмысы	1. Әңгіменің мазмұнын меңгерді және интерпретациялайды; 2. өз пікірін дәлелдейді; 3. салыстыру және бағалауға үйренеді; 4. топта жұмыс істеуге үйренеді.	1. критериялды бағалау; 2. өзін-өзі бағалау; 3. өзара бағалау; /бағдаршам/ 4. мұғалімнің бағасы; 5. кері байланыс.	1. Үздіктермен жұмыс; 2. үлгерімі орта оқушылармен жұмыс; 3. үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс;	Автордың портреті, интерактивті такта, түсіндірме сөздік, т.б.
4	С. Мұқанов «Лашын» әңгімесіндегі ұлттық өнердің көрінісі	1. Ұлттық өнер туралы түйінді ұғымдардың мәнін ашуға және қорытынды жасауға үйрету; 2. Жана ұғымдарды өмірмен байланыстыруға, өз ойын дәлелдеуге үйрету.	1. сұрақ-жауап; 2. диалогтік оқыту: - зерттеушілік әңгіме; 3. «Бірігіп сурет салу» стр./постер құрастыру/; 4. ВЕНН диаграммасы; 5. эссе	1. тақырыпты өмірмен байланыстыралы; 2. өзгелердің пікірін тыңдауға үйренеді; 3. шығармашылық қаблеті дамиды; 4. ұғымдарды салыстырады, ерекшелігін анықтайды.	1. критериялды бағалау; 2. өзін-өзі бағалау; 3. өзара бағалау /бас бармақ/; 4. мұғалімнің бағасы; 5. кері байланыс «+ - / қызық».	1. Үздіктермен жұмыс; 2. үлгерімі орта оқушылармен жұмыс; 3. үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс; 4. дарынды баламен жұмыс.	Презентация /жыртқыш құстар/, маркер, плакат,

Тізбектелген сабақтар топтамасындағы сабақ мақсаттарының таксономиясы

кезедер (ресурс бойынша)	сабақ мақсаттары	кол жеткен нәтиже
<p><i>төмен:</i> есте сақтау; ақпарат мәнін түсінгенін айқындау</p>	<p>Әңгіменің мазмұнын меңгерте отырып, мәнерлеп оқу және көркем шығармаға талдау жасау іскерлігін дамыту</p>	<p>Әңгіменің мазмұнын бірлесе оқу арқылы меңгерді және шығармаға талдау жасап үйренді. Жаңа тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, өзіндік ойлауға бағдарланды.</p> 
<p><i>орташа:</i> қолдану</p>	<p>1. Кейіпкерлер жүйесіне талдау жасау және ұлттық салт-дәстүр туралы түсінік беру; 2. Топта жұмыс істеу және бірлесе шешім қабылдау дағдысын дамыту.</p>	<p>Топтық жұмыстар барысында белсенді тыңдаушы, белсенді сөйлеуші болды. Өздігінен жұмыс істей отырып, алған білімін кез келген жағдайда қолданды және дәлелдеді.</p> 

<p><i>жоғары талдау:</i> талдау; бағалау</p>	<p>Өңгіменің мазмұнын меңгерте отырып, талдау, жинақтау және қорыту іскерліктерін дамыту.</p>	<p>Өңгіменің мазмұнын меңгерді және интерпретациялады. Бірлесе оқу жүзеге асты, көркем шығармаларды салыстыруға, бағалауға үйренді.</p> 
<p><i>жоғары жинақтау:</i> бағалау; жасау (білім мен дағдыларды қолдану)</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық өнер туралы мәлімет беру арқылы түйінді ұғымдардың мәнін ашуға және қорытынды жасауға үйрету; 2. Жана ұғымдарды өмірмен байланыстыруға, өз ойын дәлелдеуге үйрету. 	<p>Тақырыпты өмірмен байланыстырып талдады, ұғымдарды салыстырды, ерекшелігін анықтады. Бірлескен оқу нәтижесінде өзгелердің пікірін тыңдауға үйренеді.</p> 

Орта мерзімді жоспардағы мақсаттардың орындалуы бойынша рефлексия

Тізбектелген сабақтар топтамасының бірінші сабағы М.Әуезовтің «Ақын қонақтар» әңгімесіне арналды. Оқу бағдарламасында бұл шығармаға екі сағат берілген. Көркем шығарманы оқытудың мақсаты оқушының танымын, тұлғасын қалыптастыруға арналады. Сондықтан да бірінші сабақта «Әңгіменің мазмұнын меңгерте отырып, мәнерлеп оқу және көркем шығармаға талдау жасау іскерлігін дамыту» мақсат етілді. Мақсат **білім беру мақсаттарының таксономиясының төмен деңгейіне** лайықталып қойылды, себебі бірінші сабақта оқушылар бұрынғы оқылған ақпараттарды жаңғыртуға және жаңа өтілетін мәтін мәнін түсінуге тартылуы тиіс. Ал түсіну үшін оқушылардың оқуы белсендіріліп, мәнерлеп оқу және талдау жұмыстары ұйымдастырылды. 5-сыныппен өткізілген сабақ кезінде оқушылар әңгімеден түсінгендерін айтты, жаңа ұғымдарды анықтады, кейіпкерлерді сипаттады. Үздіксіз ойлауды әдетке айналдыру үшін мен оқушылардың мәтіннен мысалдар келтіріп, суреттеуін, бір-біріне сұрақтар қойып, бірлесе оқуын жоспарладым. Яғни сәйкес әдіс-тәсілдер іріктелді: сабақта оқушылар топқа бөлініп, «топтастыру», «БҮҮ» стратегияларын орындады. Тақырыпта кездескен жаңа ұғымдарды түсіну үшін, сөздікпен жұмыс жасап, қиын сөздердің мәнін бірлесе талқылады. Осы тәжірибе барысында мен анағұрлым маңызды мәселені анықтадым, бұл – мақсат қол жетімді болуы үшін оқушылардың бастапқы біліміне сүйене отырып қойылуы тиіс. Сабақ қорытындысы оқушылардың мақсатқа қол жеткізгенін көрсетті.

Тізбектелген сабақтар топтамасының екінші сабағына **білім беру мақсаттарының таксономиясының қолдану, талдау сатыларына** сәйкес, мазмұндық және дамытушылық мақсаттар қойылды. Бұл сабақта оқушылардың кейіпкерлер жүйесіне талдау жасауы, оларға ұлттық салт-дәстүр туралы түсінік беру және оқушылардың топта жұмыс істеу және бірлесе шешім қабылдау дағдысын дамыту көзделді. Аталған мақсаттарға жету үшін, сабақта сұрақ-жауап, зерттеушілік әңгіме арқылы диалогтік оқыту ұйымдастырылды, оқушылар постер құрастырып, эссе жазды.

Оқушылар алдыңғы сабақта оқып танысқан мәтінді нақты жағдайда мәселелерді шешу үшін қолданып, тұжырымдар жасады. Әңгімені өмірмен байланыстырды, салт дәстүрлерге талдау жасады. Яғни оқушылар материалды құрамдас бөлшектер бойынша бөлді. Өз қорытындыларын түсіндіруге тырысты. Бұл мәселені одан әрі зерделей отырып, мен осы жұмыс әдістерін барабар жағдайда орындап көрмекпін. Бұл балаларға мақсатты әрекетті орындауға көмектесті.

Ал тізбектелген сабақтар топтамасының үшінші сабағының мақсатын қоюда **білім беру мақсаттарының таксономиясының талдау бағалау кезендері** ескерілді. Сондықтан да аталған сабақта «әңгіменің мазмұнын меңгерте отырып, талдау, жинақтау және қорыту іскерліктерін дамытуды» мақсат етілді. Өткен сабақтағы тәжірибе маған оқушылардың өз дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетті. Аталған мәселені шешу үшін, сұрақ-жауап, кумулятивтік әңгіме негізінде диалогтік оқыту ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқушылар тақырыпты меңгеру кезінде бірлесе оқи отырып, талдады, өз пікірлеріне негіздеп, жаңа материалдың маңыздылығын бағалады. Оқушылар «Кең ауқымды лекция» стратегиясын қолданды, сөздік жұмысы жасатылды.

Тізбектелген сабақтар топтамасының төртінші сабағында **жоғары жинақтау сатысына сәйкес мақсат қойылды**. Бұл сабақта оқушыларды ұлттық өнер туралы мәлімет беру арқылы түйінді ұғымдардың мәнін ашуға және қорытынды жасауға үйрету мақсатында жұптық, топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар жаңа ұғымдарды өмірмен байланыстыруға, өз ойын дәлелдеуге үйрету үшін, сұрақ-жауап, зерттеушілік әңгіме негізінде диалогтік оқыту ұйымдастырылып, «Бірігіп сурет салу» стратегиясы арқылы постер құрастырып, ВЕНН диаграммасын толтырды. Сабақтың қорытындысында эссе жазды.

Орта мерзімді жоспарлаудың мақсатына сәйкес, тізбектелген сабақтар топтамасының соңғы сабағында оқушылар ынтымақтаса отырып, мәтіннің негізінде өз тұжырымдарын құрастырды. Сол арқылы оқушылар сындарлы сөйлеуге үйреніп, ой өрістері, таным жиектері кеңейді. Қорыта келе, тізбектелген сабақтар топтамасының нәтижесінде оқушылар үшін маңызды факт оқудың маңызын түсіну болып табылатынына көзім жетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дьюи Дж., Демократия и образование. – М., 2000.
2. Дахин А.Н. Образовательные технологии: сущность, классификация, эффективность// Школьные технологии. – 2007, № 2 . – С. 18-21.
3. Педагогические идеи Роберта Оуэна. Избранные отрывки из сочинений Р.Оуэна/ Государственное учебно-педагогическое издательство Наркомпроса РСФСР. М., 1940. – 261 с.
4. Вершловский С.Г. Взрослый как субъект образования. // Педагогика. – №8, 2003. – с 3-8.
5. Үлестірмелі материалдар, деңгейлік курс тыңдаушыларына арналған.

Теруге 15.11.2014 берілді. Басуға 30.12.2014 қол қойылды.
Пішімі 70x100/16. Кеңсе қағазы 80 гр/м². Сандық басылыс.
Шартты б. т. 5,68. Таралымы 80 дана. Тапсырыс №495

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., Түркістан көшесі, 2
e-mail: info@cpm.kz, тел.: +7 (7172)-79-96-11

Сдано в набор 15.11.2014. Подписано в печать 30.12.2014.
Формат 70x100/16. Офисная бумага 80 гр/м². Печать цифровая.
Усл. печ. л. 5,68. Тираж 80 экз. Заказ №495

Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического мастерства»
010000. г. Астана, ул. Туркестан, 2,
e-mail: info@cpm.kz тел.: +7 (7172) 79-96-11

